

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЫ – ЕЛДІКТІҢ МҮДДЕСІ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ДАМУ КЕПІЛІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің 2015 жылғы 14 ақпандағы елімізде мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізіп, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа жаңа президенттік мандат беру туралы Қазақстан халқына арнаған Үндеуін «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы терең түсіністікпен қарсы алды.

Қазіргі кезде әлемде қалыптасқан күрделі қаржылық-экономикалық дағдарыс және жаһандық саяси текетірес жағдайында бұл Үндеудің бүгінгі уақыт талабынан туындап отырғаны даусыз. Дүниенің төрт бұрышында үздіксіз жүріп жатқан әлеуметтік-саяси дүмпулер мен тұрақсыздықтар әлемдегі барлық мемлекеттерге, оның ішінде біздің де елімізге өз әсерін тигізетіні белгілі. Сондықтан, осындай қиын кезеңде Елбасыға сенім артып, жаңа мандат беру арқылы Қазақстан қоғамындағы тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайтуға, қазақстандықтардың елдің дамуына деген сенімі мен оптимизмін бекемдеуге, әлемдегі аса дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену бағытындағы жасампаз жобаларды дер кезінде және дәйектілікпен атқаруға, Елбасы ұсынған «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол»

ұзақмерзімді стратегиясын жүзеге асыруға қол жеткізетініміз анық.

Тұғыры биік тәуелсіздігіміздің небәрі 24 жылы ішінде азат еліміздің айбынын асқататып, алпауыт елдердің өздері ғасырларда қол жеткізген биіктерге жетелеген Елбасының ел алдындағы ерен еңбегін мақтан етеміз. Ел экономикасының гүлденуіне, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, білімі мен ғылымының дамуына, көпұлтты Отанымыздағы береке мен бірліктің өркендеуіне ұйтық бола білген Елбасы!

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында «Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі... Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы» – деген болатын. Ендеше, Қазақ елінің мәңгілік ел болуы жолында жасампаз еңбек үлгісін көрсетіп жүрген барша қазақстандықтар Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелерінің ұсынысын қолдайтынына сенімім мол.

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Қызылорда облысы бойынша
педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру
институтының директоры,
профессор.

ЕЛБАСЫНА ДЕГЕН СЕНІМ

Қазіргі таңда экономикасы даму ырғағынан жаңылмаған, әлеуметтік ахуалы тұрақты елде бірнеше ұлттың өкілдері өзара тату тіршілік етіп, ортақ Отанымызды нығайту үшін әр салада бірлесе еңбек етіп жүргені еліміздегі жарасымдылық пен ынтымақтастықтың көрінісі деп білемін. Мұндай жарасымды өмір сүрудің қазақстандық үлгісі әлемнің көптеген елдерінің қызығушылығын тудырып отырғаны шындық.

Мен басқа отандастарыммен бірге Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Қазақстандағы дамудың, тыныштықтың, ауызбірліктің ұйытқысы, сондай-ақ сыртқы саясатты ұтымды жүргізіп, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етудің үлгісі ретінде білемін. Қазақстанды ширек ғасыр сәтті басқарып келген Президентіміздің білігі мен тәжірибесі барынша шындалып, жетілгендігі шындық. Оның әрбір жылғы Жолдаулары мен мемлекеттік бағдарламалардың әрқайсысында Қазақстанды дамы-

тудың негізгі тетіктері айқын көрсетілген. Бүгінгі күні бүкіл ел болып осыларды орындаудың, ондағы қойылған мақсат-мұраттарға жетудің жолына жұмылудамыз.

Қазақстан Республикасының Президентін сайлауды мерзімінен бұрын өткізу арқылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жаңа сенім мандатын беру, ортақ мақсат жолында күш-қайрат қосып келе жатқан қазақстандықтарды одан әрі біріктіре отырып өзекті әлеуметтік мәселелерді нақты шешуге мүмкіндіктер туатыны сөзсіз. Соған орай облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының белді мүшесі ретінде орынды ұсынысты қолдайтындығымды білдіргім келеді. Елбасына деген сенімді ел болашағына берілген кепілдік деп санаймын.

Ирина ШЕК,
“Возрождение” неміс ұлттық
қоғамдық-мәдени орталығының
жетекшісі.

УАҚЫТЫЛЫ ЖАСАЛҒАН БАСТАМА

Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастамасына біздің Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы да қызу үн қосты.

Қазіргідей әлемді дағдарыс жайлаған тұста бірлік пен келісімді, тұрақтылықты нығайтудың, қоғам мен мемлекеттің, еліміздің барша азаматтарының күш-жігерін жұмылдырудың маңызы зор. Бұл жөнінде Елбасымыз «Ғаламдық дағдарыстан тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтететін болады» деген болатын. Татулықты ту етіп, бейбітшіліктен берекет тапқан еліміз өз көшбасшысымен бірге небір кезеңдерді бастан өткіріп, кемел келешектің төріне қадам басып

келеді.

Әлемде болып жатқан түрлі оқиғаларға байланысты еліміздегі тұрақтылықты одан әрі нығайту үшін кезектен тыс президенттік сайлау өткізу бастамасы – халқымыз үшін тиімді болары сөзсіз. Бұл ұзақмерзімді «Қазақстан-2050» стратегиясы мен «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолында бұдан да қуатты, бақуатты ел бола тұсуымыздың мүмкіндігі. Сондықтан кезектен тыс президенттік сайлау өткізу бастамасын қолдайтындығымызды білдіреміз.

Қайрат МЫРЗАХМЕТОВ,
облыстық салауатты
өмір салтын қалыптастыру
орталығының
директоры.

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ТӘРТІПТІҢ ОСАЛ ТҰСЫ

Бейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның және облыстық прокуратура алқасының бірлескен отырысы өтті. Оған облыс прокуроры Сапарбек Нұрпейісов, қала, аудан әкімдері, басқарма басшылары қатысты. Бірлескен отырыста 2013-2014 жылдары мемлекеттік органдарға келіп түскен өтініштерді қарау заңдылықтары талқыға түсті.

Облыстық прокуратураның басқарма басшысы Манарбек Ерназаров азаматтардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгіну, жеке және ұжымдық өтініштер жолдау құқығы Ата заңда айқындалғанын атап өтті. Прокуратура органдарының 70 мемлекеттік мекемені қамтыған тексеруі барысында кейбір билік органдарына жүгінген тұлғалардың өтініштерінің мүлде тіркелмейтіні де анықталған. Өткен жылы облыстық құрылыс басқармасына түскен 209 өтініш есепке алынбай, шешімін таппаған. Бұған ұқсас жағдайлар басқа да мемлекеттік органдарда орын алған.

Хабарламашы уәкілетті мемлекеттік органдардың өз құзыретіндегі мәселелерді білмеуінен, білгісі келмейтіндігінен, сондай-ақ өтініштерді қарау тәртібін дұрыс меңгермегендіктен өтініш иелерін әуре-сарсаңға салатынын айтты. Мәселен, Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалардың жүргізілуін бақылау мәселесі медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау департаменті «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» АҚ қызметкерінің жұмыс орнында қайтыс болуына байланысты жүргізілген сараптамаға қатысты арызды қарауды құзыретіне жатқызыбай, негізсіз жауап қайтарған. Нақтысында бұл мәселені зерделеу департаменттің тікелей міндеті. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық орталықтан Айтжанованың жер учаскесіндегі дүңгіршекті бұзған тұлғаларды анықтап, келтірілген шығынды өндіруді сұраған арызы түскен. Ол бойынша жер қатынастар басқармасы шағымданушыға куәгерлерді тауып, құқық қорғау органдары арқылы келген залалды өндіруге құқылы екенін хабарлаған. Мұнда қылмыс белгілерінің байқалғанына қара-

мастан, жер қатынастары басқармасы өтінішті ішкі істер органдарына жолдаудың орнына түсіндірме берумен шектелген. Бағыныштағы дербес бөлім немесе басқармаларға өтінішті бұрыштамамен жолдау, ол жөнінде өтініш иесіне хабарламау үрдіске айналған.

Күн тәртібіндегі мәселенің ең өзекті тұсы – өтініштерді қарау мерзімінің ұдайы бұзылуы. Мемлекеттік сатып алу аясында кәсіпкерлер түрлі кедергілерге кезігеді. Сатып алуды ұйымдастырушылар конкурстарға қатысқан заңды тұлғаларға өтінімді қамтамасыз ететін банк немесе басқа да нысандағы кепілдерін тиісті шағым түскеннен кейін ғана қайтаруды әдетке айналдырған. Мәселен, «Болашақ» серіктестігінің өтінімін қамтамасыз ету үшін құрылыс басқармасының шотына аударған қаржысын тиісті шешім қабылданғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде қайтарудың орнына 9 айға дейін созбаланға салған. Ал «Жайық Строй Инжиниринг» және «Құрылыс консалтинг» серіктестіктерінің өтінімді қамтамасыз ету сомасы 1,5 жыл бойы қайтарылмаған.


● ДҮБІРЛІ ДҮНИЕ

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ ДАҒДАРЫСТЫ БАСТАН КЕШУДЕ

Бүгінде әлемдік экономика қиын кезеңді бастан кешіп отыр. 2008-2009 жылдағы дағдарыстан айықпай жатып, экономикалық және одан да басқа факторлар, соның ішінде Украина мен Таяу Шығыстағы геосаяси жанжалдар бой көрсетті.

Жағымсыз жағдайдың маңызды индикаторы мұнай бағасы. Бұрын бір баррелі 102-105 доллардан айналатын “қара алтын” дағдарыс кезеңінің ең төменгі көрсеткіші 44-46 долларға дейін төмендегенін айтуға болады. Мұнай бағасының төмендеуі әлем экономикасының өсуіне алып келеді деген болжам шындығында басқа көрініске ұласуда.

Сарапшылар жақын арада мұнай бағасының төмендеуі жалғасып, барреліне 30 долларға дейін түсуін жокқа шығармайды, бұл жағдай мұнай экспорттаушы елдерге де, сондай-ақ оны импорттаушы елдерге де қолайсыз. АҚШ және Еуропа елдері мұнай бағасының төмендеуінен қысқа мерзімді ғана дивидендтерге ие болуы мүмкін. Америкалық кейбір компаниялардың жағдайы тым нашар. Олардың бірқатары қолына таяғын ұстап, тақырға отырып қалмаудың қамымен жанталасып жатыр. Ал мұның барлығы ел-халқының тұрмыс-тіршілігіне кері әсерін тигізетін сөзсіз. Мұнай бағасының құлдырауына байланысты Техастың мұнай-газ саласындағы компаниялар әрі-сәрі күй кешуде. Бұдан бөлек АҚШ-тағы электроника өнімдерін сатумен шұғылданатын компаниялардың жағдайы мз емес. Соңғы уақытта Radio Shack компаниясы банкротқа ұшырап, 2400 дүкенін сағуға қойды. Сонымен бірге елдегі әрбір бесінші бала жоқшылықтың зардабын тартуда. Сөйтіп АҚШ халқы да алаңдаулы. Еуроаймақ дағдарыстан шығып



келеді, бірақ ондағы бірқатар елдерде адам басына шаққандағы табыс деңгейі бұрынғысынан төмендей түсуде. Өндірістің өсуі байқалғанмен сарапшылар тез қалыпқа келуді күтіп отырған жоқ және дефляция мен іскерлік белсенділіктің өсуі тоқтауын болжап отыр. Сондықтан да сарапшылар “Еуроаймақта экономика өсімі өте жай болады” деген болжам жасауда. 2014 жылдың қорытындысымен ол бар болғаны 0,8 пайызды ғана құрады, ал 2015 жылға 1,1 пайызға ғана өседі деп күтуде.

Еуроодақ Грекияға қазіргі көмек бағдарламасын қарастыруда. Қазіргі күні Грекияның сыртқы қарызы 320 миллиард еуроны құрайды. Бұл елдің ішкі жалпы өнімінің 170 пайызы.

Италияда жұмыссыздық деңгейі тарихи рекордтық көрсеткішке дейін жетіп, еңбекке жарамды тұрғындардың 13,4 пайызын құрады. Бұл 3,4 млн. адам. Оның ішінде жұмыссыз жастар 44 пайыз үлеске

ие.

Мұнай бағасы төмендеуінен ел экономикасы деңгейін қалайда сақтап қалуы көздеп, ұлттық валюта курсы төмендету туралы хабарлаған Норвегияны да әжептәуір сынақтар күтіп тұр.

Жапония үкіметінің де экономикасы жайбасарлыққа салынды. Өткен жылдың соңғы тоқсанындағы экономикалық өсім болжамдарға мүлдем сәйкес емес. Ел экономикасы көпке созылған тоқыраудан шығып отырғанмен инвестициялық әлсіздік байқалады. Жалпы ішкі өнім көрсеткіші 0,6 пайызды ғана құрады. Жапонияның жаңартылған Үкіметі үшінші жыл қатарынан қарыз алу көлемін азайтып, қаржылай көтермелеу шараларын рекордты деңгейге – шамамен 813 млрд долларға жеткізу арқылы жаңа рецессияға ұрынау үшін жанталаса қимыл жасауда.

Жуырда «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XVII конференциясы өтті. Онда партия филиалының осы жылы атқарылар жұмыстарының бағыттары мен міндеттері, «Жас Отан» Жастар қанатының II съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында берілген тапсырмаларының орындалуы барысы қаралды. Сондай-ақ, облыстық партия филиалының Саяси кеңесі, Саяси кеңесі бюросының, партиялық бақылау комиссиясының, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес мүшелерінің құрамы жаңа мүшелермен толықты. Осы тұста біз облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Наурызбай Байқадамовты әңгімеге тартқан едік.

БАСҚАРУШЫ ПАРТИЯ ПӘРМЕНІ БҰҚАРА БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

– Наурызбай Сейітқалиұлы, облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметіне келгеніңізге көп бола қойған жоқ. Дегенмен, сізге жетекші партияның жұмысы таңсық емес деп ойлаймыз. Өйткені, осыдан бірнеше жыл бұрын да бұл салада басшылық қызмет жасадыңыз. Енді партияның бүгінгі тынысы-тіршілігін тарақтасаңыз...

– Тәуелсіз еліміздің дамуы мен қуатты мемлекетке айналуы жолында жетекші «Нұр Отан» партиясының атқарған белсенді еңбегі өздеріңізге белгілі. Оның көп жұмысына өздеріңіз куә болып келесіздер. Партиямыздың ел өміріндегі орнын Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұдайы жоғары бағалап, әрбір партия мүшесінің жауапкершілігін күн тәртібінен түсірген емес. Бүгінде өңірімізде 267 бастауыш партия ұйымы, 38613 партия мүшесі бар. Барлығы да бір кісідей жұмылып жұмыс жасауда. Сондықтан халықтың тұрмыс-тіршілігімен етене танысып, олардың мұң-мұқтажын билікке жеткізетіндей толық мүмкіндігіміз бар деп есептеймін.

– Жаңа өзіңіз атап өткендей, облыстағы бастауыш партия ұйымдарында 39 мыңға жуық партия мүшесі бар. Олар кімдер? Дегенмен, көпшілік мұны билік партиясы деп айтады...

– Иә, мұндай екіжақты пікірлер бар екені рас. Кейде өзіміз де естіп жүрміз. Дегенмен, «Нұр Отан» партиясының құрамы әр саланың белсенді мүшелерін камтып отырғандықтан мен мұны билік партиясы емес, басқарушы партия деп айтайын. Ал жаңағы пікірлер, партия органдарының барынша тиімді жұмыс істемеуінен қалыптасқан болуы керек деп есептеймін. Және мұндай пікірді түбегейлі өзгерту немесе жою үшін біздер, яғни, партия мүшелері халыққа жақын екенімізді дәлелдеп, қызметімізді жандандыратын боламыз. Өздеріңізге белгілі, Елбасы Қазақстан халқына арнаған әрбір Жолдауларында партияға үлкен жауапкершіліктер жүктейді. Ендеше, сол жарқын бастамаларды ел болып жүзеге асыруға халықты жұмылдырудағы партияның рөлі орасан зор. Мәселен, «Мәңгілік ел» идеясын ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде басты ұстанымға айналдыруда, Сыр тұрғындарын жұмылдыру – облыстық филиалдың қазіргі таңдағы және алдағы күндердегі негізгі миссиясы. Ол үшін партия жақтастары бірлестіктерінің кең желісін құрып, олармен өзара сындарлы іс-қимыл жасаймыз. Мұнымен бірге, «Қазақстан-2050»

стратегиясының тиімді жүзеге асуына бақылау жүргізу үшін қоғам мен мемлекеттің бірлескен іс-қимылын үйлестіре білу, бастауыш партия ұйымдарының беделін көтеру жолындағы шаралардың тиімділігін арттыру керек. Бұған қоса, мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға білікті, бастамашыл, шығармашыл ойлайтын, кәсіби адамдарды ұсына алатын партиялық кадрлық резервін қалыптастыруымыз қажет. Бұған аймақтық, аумақтық филиал төрағаларынан бастап, әрбір партия мүшелері жауапты.

– Енді партияның «Қазақстан. 2017 мақсаттары. Ұлттық іс-қимыл жоспары» сайлауалды халықтық тұғырнамасының орындалуы жайлы айтып өтсеңіз...

– Сауалыңыз орынды. Өйткені, біздің жұмысымыздың нақты нәтижесі осы құжаттарды уақытылы жүзеге асырумен көрінеді. Бүгінгі таңда аталған жоспар аясындағы тапсырмалардың 70 пайызы орындалды. Партияның сайлауалды тұғырнамасы аясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыру мақсатында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, партияның фракция мүшелері, партиялық тәлімгер ретінде бекітіліп, олардың жанынан құрамына жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, жастар ұйымдарының, ақпарат құралдары және сала қызметкерлері енгізілген



тәжірибелік ұсыныс әзірлейтін болады. Бұл үшін арнайы жоспар жобасы жасалып бюроға ұсынылды. Алдағы уақытта облыстық партия филиалының Саяси Кеңес Бюросында партиялық тәлімгерлердің есептері тыңдалып, бағасы берілетін болады.

Айта кетейік, нақты кезеңде партия қызметіне жобалық-мақсаттық жұмыс форматы енгізіліп, халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған 12 жоба жұмыс жасауда. Атап айтсақ, мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сапасын арттыруға бағытталған «Кедергісіз келешек», Аға буын ұрпаққа құрметпен қарауды қалыптастыру мақсатындағы «Ардагерлерді ардақтайық!», шағын және орта

республика көлемінде Қазақстан халқы Ассамблеясы, Азаматтық Альянс, ардагерлер кеңесі, кәсіподақтар, кәсіпкерлер палатасы және БАҚ-пен өзара әріптестік жөніндегі меморандумдар жасалды. Осы аталған жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасын таба беретін болады.

біздің әрқайсысымыз да жауаптымыз. Өйткені, барлығымыздың өз ұрпағымыздан күтер үмітіміз жоғары. Ұрпағының болашағы жарқын болсын дейтін азаматтар құрмет пен игілікке тек адалдық арқылы жетуі тиіс. Осындай өзекті мәселені заңдылық пен адамгершілік арнамысты алға тарта отырып, оңтайлы шешім қабылдау үшін облыстық филиал жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес құрамын жаңа белсенді мүшелермен толықтырдық. Енді тиімді жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндігіміз жеткілікті. Ең бастысы – ұлттық сананың, ұлттық намыстың имандылығы қажет.

Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай «Ұлтты ұйытқы ететін парасат болса, адамды абзал ететін иман» екенін ұмытпауымыз керек.

– Бүгінде партияның араласуымен тұрғындардың көптеген әлеуметтік мәселелері шешімін тауып отыр. Осы тұста қоғамдық қабылдаудың қызметі жөнінде айтып өтсеңіз...

– Расымен де, қоғамдық қабылдау біздің партиямыздың бұқарамен байланысы, қоғамның әлеуметтік тамыршысы болғандықтан, шалғайдағы шаруаның, ауылдағы ағайынның мұң-мұқтажын орталыққа жедел жеткізудегі online қызметін пайдалануды күшейтіп жатырмыз. Дегенмен, бұл бағытта әлі де болса үйренуді қажет ететін тұстар жеткілікті. Сондықтан ағымдағы жыл ішінде азаматтардың электронды партия қызметін пайдалануды, яғни, өтініштерін өз әрекеттерімен емін-еркін жеткізуге арналған оқыту жұмыстарын бастаймыз. Сондай-ақ байланысты жетілдірудің келесі әдісі ретінде «Қазпошта» АҚ-мен бірлесіп, скайп жүйесі арқылы тұрғындармен бейнебайланыс орнатуды қолға алудамыз. Қазіргі күні, Арал ауданындағы Жақсықылыш, Қазалы ауданында Әйтеке би, Шиелі ауданында «Шиелі-3» пошта бөлімдерін осы интернет жүйесіне қосуға дайынбыз. Сонымен бірге жергілікті жерлердегі жауапты мекемелердің өтініш-шағымдармен жұмысы ендігі жерде қатаң бақылауға алынады. Бұған немқұрайлы қараудың артында құқықтық жауапкершілік бар деген сөз.

– Наурыз Сейітқалиұлы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу жөніндегі Үндеуіне жеке пікіріңіз қандай?

– Жалпы бұл тарихи мәселеге байланысты «Нұр Отан» партиясы Саяси Кеңесі Бюросының арнайы отырысы өтіп, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Қыдырғалиұлы Байбек Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында бұл бастаманы нұротандықтардың да бір ауыздан қолдайтынын мәлімдеді. Әрине, партия мүшесі ретінде бастаманы мен де қолдаймын. Әрі дұрыс шешім деп есептеймін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.



сараптамалық топтар құрылды. Жасыратыны жоқ, халықтық тұғырнаманы халық арасында насихаттау жұмыстарында кемшіліктер бар. Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін тәлімгерлердің жетекшілігімен сараптама топтарының жұмысын күшейтеміз. Яғни, тәлімгерлер өздері жетекшілік ететін бағыт бойынша өзекті мәселелерді айқындап, сараптамалық талдау жасап, нақты

бизнесі дамытудағы «Мықты бизнес – қуатты мемлекет!», Партияның белсенді, талантты мүшелерін халыққа таныту және олардың потенциалын тиімді пайдаланудағы «Партияның 50 тұлғасы», «Айқын тариф», «Бақытты отбасы», «Бақытты балалық», «Стоп қылмыс», «Біздің ауыл», «Жастар – Отанға!», «Сәтті қадам» және «Жастар кадрлық резерві» атты жобалар. Осы жобалардың тиімділігін арттыру мақсатында

орайда, айта кетейік, халықтың билікке сенімсіздігін көрсететін бірден-бір фактор – сыбайлас жемқорлық. Жемқорлықпен күрес тиімділігі ұлттық намыс пен ұлттық рухымызға сын. «Ұрпақтан ұрпаққа, екеден балаға не қалып жатқанын дәл білсек, оныншы емес жүзінші ұрпаққа да не қалатынын болжап білу қиын емес» деген екен Конфуций. Сондықтан кейінге не қалдыратынымызға

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

“Елге ел қосылса – құт” дейді халық даналығы. Осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын басталған азаттықтың елең-алаңындағы күрделі кезеңге қарамастан атамекенге бұрылған көш көлікті болды. Ат қазығын байлайтын туған жерге осы кезеңде 300 мыңға жуық

сіби біліктілігін арттыруға жәрдем көрсетіледі.

Көш бетін туған елге түзеген оралман өңірге келген алғашқы сәтте тұрақты тұруға арналған рұқсат құжатын, сосын оралман мәртебесін алуы тиіс. Өйткені, оның ықтияр хатпен елде жеті жылға дейін жүруге мүмкіндігі

пен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, тұрғын үй кезегіне қою барысында айтарлықтай жұмыстар атқарылып келеді. Елге оралғандардың еңбекке жарамды жастағылары, яғни 40 пайызы түрлі жұмыспен қамтылып, 49,6 пайызы өзін өзі жұмыспен қамтамасыз еткен, 10 пайызы әзірге жұмыссыздар қатарында. Сонымен қатар “Жұмыспен қамту-2020” бағдарламасына сай бірқатар оралмандар кәсіптік даярлықтан өткізіліп, өз ісін ашу үшін несие алуға талпыныс жасады. Нәтижесі жаман емес. Мәселен, өткен жылы жұмыссыз ретінде тіркелген 11 оралманның үшеуі тұрақты жұмысқа орналасып, үшеуі ақылы қоғамдық жұмыспен қамтылды. Тағы екі оралман қайта даярлау курсынан өтіп, әлеуметтік жұмыс орындарына уақытша жұмысқа орналасты. Өткен жылы нысаналы топтардың қатарына кіретін оралмандардан 11 мүшесі бар екі отбасы атаулы әлеуметтік көмегін, 13 адамы бар тағы екі отбасы тұрғын үй көмегін, 16 отбасы балалар жәрдемақысын алды, мүгедектігіне орай тиісті жәрдем алушылар да бар. Әрине, мұның бәрі жақсы. Дегенмен, оралмандар жайы айтарлықтай жақсы деп кесіп айтуға әлі ерте.

Тасбөгет кентіндегі оралмандарды бейімдеу орталығы әу бастан әбден ескірген балабақша үйіне орналасқан болатын. Оның тозығы жеткені, адам тұруға қауіптілігі жайында айтылғалы да он-он бес жылдың көлемі болды. Алайда, қиындыққа төзген оралмандар сол жерде әлі өмір сүріп келеді. Өйткені, олардың басқа мүмкіндігі жоқтың қасы. Ондағы кей оралмандар өздерінің тұрғын үй кезегінде он жылдан астам уақыт тұрса да оның еш жылжымайтынына қынжылады. Көп қандастар жұмыс табудың қиындығын, тіркелу барысында кездесетін заңсыздықтарды алға тартады.

Тиісті мекеме мамандарының оралмандарға айтар өзіндік уәждері де жоқ емес. ҚР Заңында, оның әр кезеңдегі өзгертулерінде елге оралған этникалық қазақтардың құқықтары, ықтияр хат, оралман мәртебесін, Қазақстан азаматтығын алу кезеңдері, заңдылықтары нақты көрсетілген.

Өзге елде сұлтан болғанша өз еліңде ұлтан болуды көздеп келген қандастардың түйткілді мәселелерін шешудің жолдары жан-жақты қарастырылуда. Биылғы жылы тиісті мекеме тарапынан аймақтағы кәсіпкерлермен келісім-шарт жасалып, оралмандарды жұмыспен қамту қарастырылады, олардың даярлық курстан өтуіне, кәсіби мамандық, өз ісін ашу үшін несие алуына мүмкіндіктер жасалады. Оралмандардың туған жерге орнығып, тонның ішкі бауындай араласып кетер күндері де жақын.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

Жуырда Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде «Мал баққанға бітеді» тақырыбында аудандық семинар-кеңес өтті. Аталмыш кеңеске жергілікті атқарушы, құқық қорғау, уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлері мен қоғамдық бірлестік өкілдері, ауыл тұрғындары қатысты.

Ежелден қазақ халқы үшін төрт тұлғаның орны бөлек. Әсіресе, қолындағы малы қолды болса, «мал ашуы – жан ашуына» барып тірелетін. Қазіргі таңда жеке құлқынның, ашкөздіктен туындаған мал ұрлығы тоқтаусыз белең алып барады. Осыған орай, аудандық проку-

меттік міндеттерін тиісінше атқармауы және оған ведомстволық бақылаудың төмен деңгейде болғанын айтты.

Аталған санаттағы қылмыстарды зерттеу барысында көбінесе елді мекен тұрғындары малдарының қай уақытта жоғалғандығы немесе қашан қолды болғанын білмей жатады. Ол туралы құқық қорғау органдарына дер кезінде хабарламауына байланысты қылмыстың ізі суып, оны әшкередеуде қиындықтар туындаған. Оған дәлел, ертеректе орын алған 20-ға жуық мал ұрлығы тек 2014 жылы ғана тұрғындар тарапынан шағымданып, қылмыстық істер қозғалған.

Сонымен қатар, мал ұрлығының алдын алу тетіктерінің бірі ретінде ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген “Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру туралы” ереже

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ТЫЙЫЛАДЫ?



талаптары тиісінше орындалмаған. Себебі, ветеринария мамандары тұрғындардың малдарын дереккорға тиісті мәліметтер енгізбей, паспорттармен толық қамтамасыз етілмеген.

Кенесте, аудан прокуроры аудандық ішкі істер, ветеринария бөлімдеріне және ауыл әкімдеріне бірнеше тапсырмалар жүктеді. Яғни, тергеушілердің кәсіби

біліктіліктерін жетілдіру үшін ұдайы түрде семинар, оқыту сабақтарын жүргізуді, облыстық прокуратурамен дайындалған мал ұрлығымен күрес жөніндегі әдістемелік нұсқаулықты тәжірибеде кеңінен қолдану ұсынылды.

Сондай-ақ, өрістегі мал ұрлығы қылмыстарының алдын алып, оларды жолын кесу мақсатында тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуді, тұлғалық бақташы арқылы бағуды ұйымдастыруды, аудан көлемінде мал соятын пункттерді және мал сататын сауда орындарын ашу туралы айтты. Мүмкіндігіне орай, мал сататын базарларда бейнекамералар қою, мал ұрлығын алдын алу да тиімді ұсыныс болды. Және Үкіметтің қаулысымен бекітілген “Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру туралы” ереже талаптары қатаң сақталып, ветеринар дәрігерлерімен бірігіп тұрғындардың малдарының барлығына дереккорға жануар туралы мәліметтерді енгізуді, оларға паспорттар беруді қамтамасыз етілуді талап етті. Ал, ендігі жерде мал иелеріне ветеринарлық анықтама беруде қатаң тәртіп орнатылатын болады.

Шара соңында, жиынға қатысушылар ашылмай жатқан қылмыстарға қатысты көкейде жүрген сұрақтарына жауаптар алды.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Сырдария ауданы.



А.ӨМІРЗАҚОВА,
Қызылорда қаласы прокурорының көмекшісі.

АЛАЯҚТАН АБАЙ БОЛ

Алаяқтық – қылмыстардың кең тараған түрі. Осыған орай қалалық прокуратура аталған санаттағы қылмыстық істерге талдау жасаған болатын. Талдау нәтижесі көрсеткендей, алаяқтық қылмыстар деректері тіркелген арыздар мен сотта қаралған қылмыстық істердің саны азаймауда. Айталық, 2014 жылы ішкі істер органдарында алаяқтық дерегі бойынша 866 қылмыс тіркеліп, оның 374-і сотқа жолданды.

Қалалық прокуратура алаяқтық қылмыстардың алдын алу мақсатында тұрғындар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Жасыратыны жоқ, қазір ықтимал қылмыскерлер мен бейтаныс адамдарға сенім артатындар аз емес. Өз кезегінде ондай адамдар тез және ірі мөлшерде несие алу болмаса жылжымайтын мүлікті рәсімдеу не жұмысқа орналастыруға байланысты мүмкіндіктерді пайдаланып қалғысы келеді. Алайда, заңмен белгіленген ережелер сақталмай, алданған адамдарға әр түрлі мөлшерде материалдық

залал келіп жатса, қылмыс жасаған адамдар қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Аталған санаттағы қылмыстарды жасайтын адамдардың әлеуметтік бейнесіне тоқталсақ, 20-45 жас аралығындағы орта немесе жоғары білімді, жұмыссыз, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмен жандар. Сондай-ақ соңғы кезде жалғызбасты аналар мен әйел адамдар да көптеп кездесуде.

Алаяқтыққа барушылар жәбірленушілердің құқық саласында сауаты аз немесе жоқтығын пайдаланып, сенімге қиянат жасау арқылы олардың мүліктері мен қаражаттарын иемденіп алады. Сондықтан құрметті қала тұрғындары, егер Сіз алаяқтық қылмыстарға ұшырасаңыз, дереу полиция қызметкерлеріне немесе прокуратура органдарына хабардар етіңіз.

ХАЛЫҚ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН



Ұлы Отан соғысындағы жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Бір ғана Қызылорда облысынан соғысқа аттанған 150 мыңға таяу жауынгердің 30 мыңнан астамы туған топырағына қайта оралмады. Біз үшін ол үлкен қасірет. Оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі таңда облыста 100-ден астам соғыс ардагері бар. Көптеген майдангерлер бүгінгі күнге жете алған жоқ. Елге аман-есен оралғаннан кейін адал қызмет етіп, өмірден өзгән ардагерлер қаншама. Мен қазіргі таңда ортамызда жоқ болса да Қожабек Жұмаев ақсақалдың еткен еңбегі кейінгі ұрпаққа өнеге болсын деген ниетпен қолға қалам алдым.

Сонау 50-ші жылдары Сырдария ауданының мал шаруашылығына зоотехник болып жұмысқа орналасқан кезде ол кісімен таныстым. Өмірінің соңына дейін ағалы-інілі бауырдай араластық. Сол кезде Қожекең Киров колхозының қой фермасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Артық сөзге жоқ, ісіне мығым, өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды. Қашан көрсен де ел-

халқының қамқорлығын ойлайды. Бізге егде көрінетін ағамыз сол кезде бар болғаны 34 жаста екен. Жұмыстан қолымыз босаған кезде өзі жайлы, соғысқан кездері туралы сұраймыз. Шешіліп көп сөйлей қоймайды. Өткен тарихтан сыр таркатқан сәтінде әрбір сөзін нақты дәлелмен айтады. Сол мезетте ағамыздан үлкен тектілікті сезінетінбіз. Сондай бір кезде: «Бізде адам қызығатындай қандай өмірбаян бар дейсіңдер? Мен де өз тұстастарым секілді өмірдің барлық ауыртпалығын, аштықты, соғысты бастан кешірдім. Біздің өмір өткелдеріміз бірдей ғой. “Көппен көрген ұлы той” демекші, кейін еске алып отырарсыңдар. Біз өмірден өткен соң балаларың мен немерелеріңе айтып берерсіңдер», – деп сөзін жалғады.

Өмірге сонау 1916 жылы келген ол отбасының зарықтырып көрген бесінші, жалғыз ер баласы болыпты. Жаппай сауатсыздықты жою (ликбез) мектебінен 4 сыныптық білім алған. Еңбекке ерте 13 жасынан араласқан. «Жас қайрат» колхозында колхозшы болған. 1932-1933 жылдары жерімізге Арқадан ауып келген халықты аман-есен алып қалу үшін сіңірген еңбегі үшін әлі күнге дейін ел аузында. Тоғайдағы қоян-қырғауыл, аң-құсты тұзақпен аулап, қара мәуе тереді. Жеуге жарайтын шөп тамырын қазып әкеліп, талғажау етуге елді үйретіп, әйтеуір елді ашаршылықтан алып қалуға көмектескен. Кетпенмен арық қазып, Сырдарияның су арнасын елге бұғранда, қолына кетпенін алып соның бел ортасында жүрді. Соғысқа аттанғанша шаруашылықта сан түрлі қызметтің құлағын ұстады. 1939 жылы колхоз төрағасы болды. 1942 жылы қараша айында соғысқа аттанып, қоршауда қалған Ленинградты босатудағы көрсеткен ерлігі үшін «Ленинградты қорғаудағы ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Қарапайым ауылдан шығып, ешқандай әскери

оқуды тәмамдамаған жерлесіміздің №184 артиллериялық полк, №131 дивизия, Ленинград майданында минометшілер артиллериясының командирі болып шайқасуы ерен ерлікпен пара-пар. Одан кейін Балтық жағалауындағы елдерді азат етуге атсалысты. Жеңіс күнін Финляндияда қарсы алған. Ол кісі бірден елге қайтпай, 1946 жылдың мамыр айына дейін Кеңес әскери құрамында болды.

Елге оралғаннан кейін Сырдария ауданында «Калинин» колхозының төрағасы, Киров ауылдық кеңесінің төрағасы, колхоз төрағасының орынбасары, қой және сыыр фермаларының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Республикалық ауыл шаруашылығы мамандарының слетіне қатысқан. Өмірінің соңына дейін қоғамдық өмірден тыс қалған жоқ. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ауыл ақсақалы ретінде өз ой-пікірлерін айтып, шаруашылық жұмыстарының өркендеуіне үлес қосты. Ұлы Отан соғысында және одан кейін еңбек еткен жылдарындағы алған наградалары аз емес.

Жұбайы Қаншагүл екеуі бір қыз, бір ұл тәрбиелеп өсіріп, оларға жоғары білім әперді, қыз ұзатып, келін түсіріп, немере сүйді.

Соғыс және еңбек ардагері Қожабек Жұмаев 1991 жылдың шілде айында өмірден озды. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Елі үшін аянбай еңбек еткен, жаудан қорғаған, соғыстан кейінгі жылдары ел экономикасын көтеруге атсалысқан ағамыздың өнегелі өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі етуге тұрарлық.

Бaqытжан ЖАҚЫП,
тыл және еңбек ардагері.
Ж.Махамбетов ауылы.



ЕЛІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ӘДЕКЕҢ

Әкесінің көзі тірісінде Әділбай атамыз ескіше білім алады. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1922-1926 жылдары Қызылорда қаласындағы интернатта оқып, білімін толықтырды. Содан кейін партия мектептерінде білімін жалғастырады. Осы жылдары тағдыр Әділбай атамызға Шығыс халқы жастар қозғалысының басшысы Ғани Мұратбаевпен кездесуді бұйыртты. Ғ.Мұратбаев оның сауаттылығын және оқу-білімге, өмірге деген құштарлығын сезіп, оны үлкен сеніммен Ташкентке өзіне серік етіп алып кетеді. Әдекең өзіне көрсетілген сенімді ақтай білді. Жаксы оқумен қатар, жастар ісіне белсене араласты. Ғ.Мұратбаев сенімін, оның идеясын алға апарушы ретінде көзге түсті. Көмекшісі бола білді. Ұлы адамдарға көмекші бола білу де ұлылықты іскер адамның ғана қолынан келеді. Ғұмырында артына алғыстан басқа сөз ермеген Әдекең 1930-1936 жылдары туған өлкесі Қызылорда облысы Тереңөзек ауданының орталығы Аламесекте өзінің еңбек жолын аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығынан бастады. 1936-1940 жылдары Алматыда марксизм-ленинизм институтында оқып, оны аяқтаған соң 1938-1940 жылдары Жамбыл облысы Свердлов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал 1940-1942 жылдары КСРО дайындау халық комиссариатының Жамбыл облысындағы өкілі қызметін атқарды.

Ол партия қызметкерлеріне жеңілдік (бронь) берілсе де, өз өтініші бойынша “ел шетіне жау тигенде неге бұғып отырамын” деп Отан қорғау үшін 1942 жылы майданға аттанады.

Ә.Дәуітов алғашқы күннен бастап Сталинград майданында, жауынгерлермен бірдей жауға қарсы қантөгіс жан алып-жан беріскен ұрыстарға қатысады. Майданда гвардияға лейтенант шенінде кірген қазақ жігіті взвод командирі, батальон командирі лауазымында жаумен қоян-қолтық арпалыстарды басынан өткерді. Бірнеше рет әртүрлі дәрежеде жарақат алып, 1945 жылдың жазында елге оралады. Соғыс майданынан бірден еңбек майданына кірісіп, тұрапал қалған халық шаруашылығын, күйзелген халық тұрмысын жақсартуда жан-тәнімен аянбай еңбек етті.

1945-1947 жылдары Қызылорда облыстық атқару комитетінің мәдениет, оқу ағарту бөлімдерінің меңгерушісі қызметін атқарды. Атамыздың одан кейінгі еңбек жолы облыстық сауда бөлімінде, облыстық астық дайындау мекемесінде, құрылыс комбинатында “Қызылордаводострой” тресінде жауапты қызметтерде жалғасты. 1968 жылдың наурыз айында құрметті еңбек демалысына шығып, республикалық дәрежедегі зейнеткер атанды.

Әдекең халық шаруашылығының қай саласында болса да, қандай да жауапты қызмет орнында болмасын, іскер ұйымдастырушылық қабілетімен, білімді де біліктілігімен көзге түсті. Халықтың алғысына, құрметіне, мемлекеттік марапаттарға бөленді.

Ол туралы әкем Нағашыбай былай дейді. Әрі құрдасы, әрі туысы Әділбайдың үйіне барады. Ол 1946 жыл болатын. Қармақшы аудандық атқару комитетінің төрағасы Әдекеңнің, үкімет адамының үйінде көжесінің асқатығы қонторлы екендігі аңғарылды. Оның басты себебі: жалпы халықтың тұрмысы нашар соғыстан кейін қарны тойып ас, үстін бүтіндеп



киім кию қиял еді. Сондықтан елден ерекшеленбей Әділбай тұрмыс тауқыметін халықпен бірдей тартты. Әкем бірде әзілдеп “үкімет адамы” қашан біздің қарнымыз тояды, тұрмыс жақсарайды дегенде: Нағашыбай-ау, халық соғыстан және бұған дейінгі толып жатқан қиындықтардан әбден күйзелді ғой, тұрмыстары нашарлады, тігулі ақ боз үйлері бар байлар да аштан өлді, елдің қаймақтары қуғын-сүргінге ұшырады. Осының бәрін басынан өткерген халық асқатыққа ет түгілі шай мен нанға әлі тоя қойған жоқ. Халық тойынған кезде мен де, сен де, бәріміз тойынамыз, тұрмысты жөңдейміз. Әзірге осы асқа мәзірет етесің, – деген екен. Бұл сөз нағыз парасаттық емес пе?!

Әділбай атамыздың өмірі мен майдан және еңбек жолдарын, оның еңбек кітапшасынан көріп танданасын. Кедейшілікте өмір сүріп, одан балалар үйінде болып, оқып комсомол, партия-кеңес қызметтерінде ешқандай сөгіссіз, алғыспен 50 жылдан астам жемісті еңбек еткен. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, ерлігімен көзге түсіп, “Қызыл жұлдыз” орденімен марапатталады. Елге оралғаннан кейін де ел экономикасын көтеруге белсене қатысқаны, еңбек жолының жемісті болғанының айғағы. Сөйтіп он бір мемлекеттік медальдармен марапатталып, көптеген алғыс хатқа ие болады. Оның бізге қалдырған мәңгілік мұрасы – парасаттылығы, отаншылдығы және әділдігі деп түсінуіміз керек.

Адам ұрпағымен мың жасайды демекші, Әділбай атамыз жұбайы Нағима анамызбен бірге екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Кеңес – дәрігер, көп жыл облыстық емханада абыройлы қызмет атқарған, 2014 жылы дүниеден өтті. Құлпаш – Гоголь атындағы педагогикалық институтты тәмамдап, көп жыл облыстық партия комитетінде жауапты қызметте болды, қазір зейнеткер. Күләші – ҚазҰУ-дың химия-биология факультетін бітіріп, биология ғылымының кандидаты, профессор атанды. Қазір де сол ҚазҰУ-де дәріс береді. Барлығынан немере, шөберелер баршылық. Бұлардың барлығы да Әдекеңнің жан тазалығын үлгі тұтады.

Әділбай Дәуітовтың Отан алдындағы еңбегі, халық шаруашылығын көтеруге қосқан үлесі ескеріліп, облыс орталығында бір көшенің атын беріп, мәңгі есте қалдыруды осы күнгі билік басындағы азаматтарға құлаққағыс жасағымыз келеді. Және мұндай игі шара соғыс және еңбек ардагеріне құрмет болар еді.

Қапан НАҒАШЫБАЕВ,
еңбек ардагері.
Қызылорда қаласы.

МАЙДАННАН КЕЛГЕН ХАТТАР

Ұлы Отан соғысы жылдарында, елін жаудан қорғаудағы көпұлтты халқымыздың жұдырықша жұмылып бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып Отанына деген сүйіспеншілікті ұлтына қарамай, бауырлықты үлкен адамгершілікті кіршіксіз таза адалдықты соғыс жылдарындағы майданнан майданға жазылған хаттардан білуге болады. Ол туралы құжаттар сол кездегі соғыс майданы мен еңбек майданы арасындағы мақсаты бір екендігін, сол арқылы Ұлы Жеңіске жетудің алғышарты екендігін көрсете білді.

Жауды жеңіп ұлы мақсаттарға жетудегі кеңес адамдарының тілегі мен ой-армандары тарихи құжаттарға еніп, бүгінгі ұрпаққа Отанына деген сүйіспеншіліктерінің бағдар шамы болып келеді. Сондай құжаттардың бірі 1942 жылы 24 желтоқсан күні 101 ұлттық атқыштар бригадасы командирінің орынбасары, аралдық жерлесіміз Муса Сәдібековтің Ржев алқабындағы майданнан Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Төлепбаевқа жазған хаты еді. Хатта: «Мен бұл хатты жауға қарсы шабуылға шығар алдында екі сағат бұрын жазып отырмын. Қатарымызда көптеген қызылордалықтар бар. Біздің жауынгерлер шабуыл операциясы басталғалы он елді мекенді босаттық. Он қанатта кіші лейтенант, аралдық Өтепбергенов Жұмабайдың взводы шабуылдап үлкен жеңіске жетті. Армия бөлімшесінде қармақшылық әскери фельдшер Алмағанбетов Нурулла құрметке бөленуде. Ол көптеген жауынгерлердің өмірін сақтап қалды. Бір ғана шабуылда ол кезекпен үш пунктте болып отыз ауыр жаралы жауынгерді майдан шебінен алып шықты. Сол үшін ол «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды. Бір шабуылда взвод командирі қатардан шығып қалды. Командирлікті өз міндетіне алған сырдариялық жауынгер Білманов Мұхамеджан жауынгерлерді шабуылға көтерді. Мұндай ерлік істерде біздің жерлестеріміз ерлік көрсетуде.

Н-бөлімінің командирі, майор М.Садыбеков, майдан даласынан. 24 желтоқсан 1942 ж.»

Майданнан Сыр бойына келген бұл хатта жерлестеріміздің ерлікке толы батырлықтарын бейнелейді. 1943 жылдың 25 қаңтар күні облыстық партия комитеті № 1740 дала поштасына Муса Сәдібековке жауап жедел хат жолдап, облыста атқарылып жатқан ерен еңбектерді баяндайды. Біздің облыс еңбекшілері майданға өзінің жауынгер батыр ұлдарын жібергеніне өте қуанышты. Біздің жерлестеріміз майданда жоғары наградаларға ие болуда. Біз соғыс шеті тек майданда емес, еңбек даласында да жүріп жатқандығына сезінеміз. Біз еңбек майданында жанқиярлықпен еңбек етіп ұлы жеңіске үлес қосып жатырмыз. «Қызылорда колхозшысы» колоннасын құруға жиырма мың сом үлес қосты. Оған жүздеген облыс еңбеккерлері өз қаржылары мен үлес қосуда. Сырдария ауданы «Казрис» колхозының басқарма төрағасы Елеусінов 150 мың, «Қызыл дихан» колхозының звено жетекшісі Керейтбаев 145 мың сом қаржы берді. Ал Сырдария ауданы «1 Май» колхозының бригадирі Баймағанбетов Құлаш «Советтік Қазақстан» автоқұрылысына арнап 325 сом қаржы қосты. Біздің жерлес жауынгерлерімізге, командирлерге, саяси қызметкерлерге бізден жалынды сәлем!

Обком хатшысы Төлепбаев.

25 қаңтар 1943 жыл.

Облыстық партия комитетінің архиві.

Міне, осыдан жетпіс жыл бұрын жазылған майдан мен тылдың арасындағы Ұлы Жеңісті жақындатудағы соғыстағы жерлес жауынгерлеріміз бен еңбек майданының көркін қыздырып жатқан облыс еңбекшілерінің хаттары осылайша сыр шертеді. Бұл хаттың тарихи құндылығы сонда, уақыт өткен сайын аға ұрпақтың Отанын жаудан қорғаудағы, жеңісті жақындатудағы тыл еңбеккерлерінің жарқын істерінен бүгінгі ұрпақ үлгі алып, Отанына деген патриоттық сенімдерін арттыра беретін болады.

Рысбай КӘРІМОВ.
Жалағаш кенті.

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Қазақ халқы мен мемлекетінің тарихындағы атаулы күндер мен мерейтойларды атап өту Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясын ұлықтау, тәуелсіздіктің мәні мен маңызын ашу және егеменді еліміздің ертеңін айқындауға бағыт-талады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында 2015 жылы елімізде ресми түрде төрт мерекенің атап өтілетінін айтқан болатын. Әр мерекенің ел тарихында алатын орны ерекше. Солардың ішінде Қазақ Хандығының 550 жылдығы айрықша деуге болады. Өйткені, бүгінгі күні халықаралық қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде әлем таныған Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттілігінің бастауын және елдегі жүйекүрушы ұлт-қазақтардың қалыптасуының аяқталу үдерісін хандықтың құрылуынан алады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту туралы ұсынысы жалпыхалықтық қолдауға ие болып, еліміздің түкпір-түкпірлерінде маңызды датаны атап өтуге арналған шаралар басталып кетті. Қаңтар айының өзінде бірнеше отырыстар өтіп, аталған шара ны өткізу жоспарлары талқыланды. Ғалымдар мен қоғам қайраткерлері ұсыныстарын білдіріп, ойларын ортаға салды. Нәтижесінде дайындық жұмыстарының барысы пысықталып, жалпы-халықтық деңгейде атап өтуге арналған жоспар бекітілді.

Мемлекет құрылуының мерейтойы ең алдымен азаматтардың патриоттық сезімдерін арттыру мен қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға бағытталып отыр. Қазақстандық тарихшы-ғалымдардың Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін негізге ала отырып, жан-жақты зерттеу нәтижесінде Қазақ хандығының құрылған жылы 1465 жыл деген қорытындысы алынды. Көптеген тарихшылардың пікірінше, осы уақыттан бастап Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығы Еуразия құрлығындағы мемлекетаралық қатынастардың жеке субъектісіне айналды.

Қазіргі таңда Қазақ Хандығының 550 жылдығын атап өтудің тұжырымдамасы дайындалды.

Аталған тұжырымдамада Қазақ Хандығы құрылуының ғылыми деректері, мерейтойдың концептуалдық негіздері, идеологемалары, негізгі мақсаттары мен міндеттері және оның кезеңдері келтірілген.

Қазақ Хандығының 550 жылдығын атап өту Отанға сүйіспеншілік, ақпараттық, патриоттық секілді басты үш концептуалды негізде жүзеге асырылатын болады.

Осы бағытта ғылыми-көпшілік бағдарламаларды, ғылыми-танымдық деректі фильмдерді, қазақ халқының жоғары мәдениеті мен өнегелік қасиеттері туралы көркем фильмдерді жасап, жетекші орталық телеарналар арқылы тарату, қазақ хандығының құрылу проблемаларын зерделеу мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми конференциялар ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Жалпы Қазақстан бойынша мерейтойға арналған жүзге жуық көлемді іс-шара өткізу жоспарлануда. Осы бағыттарда жасалатын облыстық деңгейдегі іс-шараларға мемлекеттік мекемелермен қатар облысымыздағы мемлекеттік емес ұйымдар да өз үлестерін қосуға ынталылық танытуда. Барлық іс-шаралардың өткізілуіне мемлекеттік емес ұйымдар тарапынын жасалатын қолдау өз дәрежесінде көрсетілетін болады.

2013 жылдың 24 қазанында облыста өткен Азаматтық форумның жиынында аймақ басшысы Қ.Е.Көшербаев азаматтық қоғам құру жөнінде өз ойларын ортаға сала отырып, «Қазақта «азамат» деген қастерлі ұғым бар. Ол тек қана төлқұжатпен айкындалмайды. Азаматтық – адамның өз ісімен, жүрегімен, Отанға жасаған қызметімен өлшенетін ұғым. Егемендік алғаннан бергі уақытта үкіметтік емес ұйымдар азаматтықтың мектебіндей топ қалыптасты» деген еді. Олай болса, мемлекеттік деңгейде өткізілетін осынау ұлық шараға облысымыздағы үкіметтік емес ұйымдар өкілдері белсене атсалысатын болады деген сенімдемін. Себебі, ұлтымыздың талайлы тағдырының шежіресіндей бұл мереке біздің елдігімізді, мемлекеттілігімізді, бірлігіміз бен мүдделестігімізді көрсететін ұлық шара болмақ.

Ж.ЕГІЗБАЕВ,
республикалық «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы жетекшісі.

Ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда азаттық жолындағы көтерілістердің алар орны ерекше. XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарына бар ғұмырын арнаған тұңғыш тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханұлы екені баршаға аян. Жеке басқа табыну кезінде Кеңестік тоталитарлық дәуірде ұлт-азаттық қозғалыстың зерттелуі мүмкін болмады, шындық бұрмаланды, ақиқатты айтпақ болған Ермұхандай ғалымға қылбұрау салынды. Тоталитарлық тәртіп елуінші жылдарда тау халықтарының имам Шамиль бастаған көтерілісін дәріптеді деп Әзірбайжан Ғылым академиясының вице-президенті Жафарұлын қудалады, намыс пен қорлыққа булыққан ол өзіне қол жұмсады. Саха халқының ғалымы Башариннен тарих ғылымының докторы деген ғылыми атағы тартып алынды. Қазақ халқының атақты ғалымы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға сотталып, Сібірге айдалды.

ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ТУЫН КӨТЕРГЕН

Ал өмір талабы идеологияның ырқына көнбей жатты. 1941 жылдың қысында Алматыға бір топ эвакуацияланған орыс ғалымдарының келуі бұдан бұрын оқу-ағарту халық комиссариаты белгілеген Қазақстан тарихын жазу ісін тездетті. 1943 жылы маусымда Алматыда академик А.М.Панкратованың ғылыми жетекшілігімен «Қазақ ССР-ның тарихы. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейін» деген 43 баспа табақ, 671 беттен тұратын іргелі еңбек жарық көрді. Кітапты жазуға Греков, Дружинин, Вяткин, Кучкин, Зутис, Миллер, Лурьев сияқты орыс ғалымдары атсалысты, Қазақстаннан М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Покровский, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Е.Исмаилов, Б.Кенжебаев, Бекмаханов қатысты. Тез қарқынмен жазылған бұл кітап ерте дүниеден сол кезге дейінгі уақытты қамтыған еліміздің тұңғыш кәсіби тарихы еді. Жасы әлі отызға жете қоймаған Е.Бекмаханов іскерлігімен, ғылыми ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Кенесары Қасымовтың 1837-1847 жылдардағы көтерілісі туралы тарауды жазу Е.Бекмахановқа тапсырылды. Себебі, ол бұл мәселені зерттеді және оның ұстаған позициясы неғұрлым деп мақұлданды. Социалистік жүйенің қазақтың өткен дарыны туралы көзқарасын білсе де Е.Бекмаханов тарихи ақиқаттан аттап өте алмады. Отарлау, басып алу саясаты прогресивті роль атқармады, қайта ол қазақ халқының азаттық үшін күресін тудырды деп тұжырымдады. Отарлауға қарсы Кенесары көтерілісін жалпы ұлт-азаттық күресін осылай бағалау оның келешекте жазатын ғылыми монографиясының өзегі болып қана қойған жоқ, алдағы үлкен дау-дамайдың тууы мен оны ұлтшыл ретінде айыптаудың басты себебі, ғылым ретінде және жалпы адам ретінде көретін қиыншылығының басы болды. Тарихшы мұндай іске, қауіпті тақырыпты жазуға неге барды? Мұны түсіну мен ашу сол жылдардағы ахуалды толық талдау қажет. Алғашында Тамбовта оқып, кейін 3 курстан соң Воронеж педагогикалық институтында оқуын жалғастырған Е.Бекмаханов Қазақстаннан Воронежге ұлтшылдық қызметі үшін жер аударылған көрнекті ғалым, кезінде Алаш қозғалысы басшылары болған Халел Досмұхамедовпен танысты. Елден жырақта Ресейдің қаласында 20

жасар жас жігіттің Х.Досмұхамедовпен танысуы, жақын араласуы оның тарихшы ретінде қалыптасуына ғана емес, келешекте зерттеу нысаны ретінде Кенесары қозғалысын алуына да ықпал етті. Себебі, қазақ халқының тарихшы



мен әдебиетші, мол мәдени мұрасына ерекше назар аударып, жұмыс істеген профессор Х.Досмұхамедов 20-жылдары қайшылықты пікір нысанасына айналған Нысанбай ақынның «Кенесары-Наурызбай» өлеңіне өз пікірін білдірген болатын. Ол 1923 жылы Ташкентте Әбубәкір Диваев жинаған «Кенесары-Наурызбай» жырына түсінік жазып, жеке кітап қылып шығарған еді. Демек, Кенесары қозғалысына қатысты деректерді, ел ішіндегі өлең жырларды, аңыз әңгімелерді Х.Досмұхамедов жетік білді, бұл мәселеге өзіндік ой пікірі де болғаны айқын. Осы тұрғыда Е.Бекмахановпен ой бөлісіп, жас тарихшыға бағыт-бағдар берген болуы да мүмкін. Е.Бекмахановтың зайыбы Халима Бекмаханованың: «Менің қосағым ана бір жылдары Воронеждің пединститутында оқып жүргенде Х.Досмұхамедовте оған Кенесары туралы көп ой салған-ау», – деп жазуы да көп жайды аңартқандай. 1943 жылы 28 маусымда Бекмаханов «Қазақтардың Кенесары Қасымов бастаған азаттық күресі (1837-1847)» тақырыбында Мәскеудің тарих институтында канди-даттық диссертация қорғады. Іле-шала бұл мәселені кеңейтіп, 1946 жылы 31 жасар ғалым «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» деген монографиясы бойынша докторлық диссертация қорғады. Бұл еңбек 1947 жылы Алматыда жарық көрді. Кітаптың бір бөлігі Кенесары қозғалысын қамтыды. 1946 жылы Бекмаханов Қазақстан Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының директоры С.Юшковтың орынбасарлығына тағайындалды. Осының бәрі, жас ғалымның зор табыстары, кейбір күншілдерге шаншудай тиді. 1948 жылы қаңтарда «Лениншіл жас» газетінде М.Ақынжанов пен Т.Шойынбаевтың «Саяси қате, ғылыми құнсыз кітап» деген мақаласы жарияланды. Осыған байла-нысты Ж.Шаяхметов М.Сусловқа өтініш жасап, осы сұраныс бойынша КСРО ҒА институты 28 ақпанда Бекмахановтың монографиясын талқылады. Дискуссия-ның негізі – Ақынжанов пен Шойынбаевтың рецензиясы болды. Оларға талқылауда бірінші болып сөз алған Х.Айдарова қосылды. Олар Бекмахановқа буржуазияшыл-ұлтшыл деген айып тағумен болды. Бірақ С.Юшковтан басқа

пікірталасқа қатысушылар автордың тұжырымдамасын қолдап шықты. Бекмаханов кейбір қателіктер жіберді деген сияқты ескертулер болмаса, тарихшыға саяси айып тағылмады. Бірақ идеологиялық күрес басылмаған еді. Дабыл орталықтан қағылды. 1950 жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетінің бетінде Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якуниннің «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген көлемді мақаласы жарық көрді. Мақала авторларының Кенесары көтерілісін «Бұл қазақ халқын кері тартқан патриархалдық-феодалдық тіректерді нығайтуға ортағасырлық хандық үкіметті қайта орнатуға Қазақстанды Россиядан және ұлы орыс халқынан бөлектеуге тартқан реакциялық қозғалыс болды» деп айыптау сипатында тұжырым жасауы, ахуалды одан сайын ушықтырып жіберді. «Правда» газетіндегі мақаладан кейін іле-шала айыптау науқаны кең етек алды. Е.Бекмаханов университеттегі жұмысынан қуылып, 1951 жылы партия қатарынан шығарылды. Ол әуелі Алматы облысы Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей Жамбыл облысы Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 жылы 5 қыркүйекте Е.Бекмаханов тұтқындалып, 2 айға жуық тергеу жұмыстары нәти-жесінде, 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының үкімімен 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырып, «Гулагтың» (Иркутскі облысы, Бодайбо селосына) алыстағы лагерінің біріне айдалды. Ерекеңнің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздардың нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері А.М.Панкратова сияқты қамқор адамдардың тікелей көмегінің арқасында Берия атылғаннан кейін Е.Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның қылмыстық ісі жойылып, өзі ақталып шықты. Ақталып шыққаннан кейін, қайсар хан талай кездескен қиыншылықтарды жеңе білді. 1957 жылы Мәскеудегі «Ғылым» баспасы оның көлемді жаңа монографиясын («Присоединение Казахстана к России») жарыққа шығарды. Осыдан кейін оның докторлық дәрежесі мен профессорлық атағы қайтарылды. Оған университеттегі өзі 1947 жылы ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1958-1966 жылдар ғалымның өміріндегі тыныш, әрі жемісті жылдар болды. Мұнда кафедра жанынан аспирантура ашып, мектеп оқулықтарын шығарды. Бірнеше ғылыми жинақтарға редактор, «Қазақ ССР тарихының хрестоматиясын», жоғары оқу орындарында оқылатын Қазақ КСР тарихы оқулығын, 20-дан астам ғылым кандидаттарын шығарды, көптеген талапты жастарға ғылымға жол ашты. 1962 жылы Е.Бекмаханов Қазақ КСР ғылыми академиясына корреспондент мүше болып сайланды. Асыл азамат Ермұхан Бекмаханов 1966 жылы 6 маусымда 51 жасқа қараған шағында ауыр науқастан дүниеден өтті. Оның Бауыржан Момышұлымен қоштасарда айтқан соңғы сөзі: «Үлгері алмай кетіп барам, кешіріңіз...» болса керек. Ал осыған халық атынан кешірім сұрап, жауап бергендей Баукең былай деп жазыпты: «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, деп боздар сорлы қазақ мен өлгенде». Өрқашан да есімдесің, бауырым. Жылаушы Б.Момышұлы. Ұлт тарихында ұлы із қалдырған қайраткер ғалым осылайша дүниеден озды.

Өтеубай ҚОЖАҚҰЛЫ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор.

**25 ақпан күні
ҚР еңбек сіңірген
өнер қайраткері,
Суретшілер одағының
мүшесі Қайырбай
Зәкіров 70 жасқа
толады. Осыған
орай, Сырда туған
дарынның мерейтойы
елімізде кең көлемде
атап өтілмек. Оның
жүрегінен ағып келіп,
қылқалам арқылы
кенепке түсіретін
бейнесі мен қазақы
бояуымен қалың
көрермен жыл бойы
кезекті рет терең
танысатын болады...**

Тереңдік...

Қылқалам шеберінің ізгілікті сөйлеткен суреттері адамның жан дүниесіндегі тылсым сырларды ашуға еріксіз жетелейді. Себебі, өзіміз байыбына бара алмай жүрген кейбір дүниелерді суретші өз фрагменттерінде жан бітіріп, тірілте түседі. Ойлы һәм жұмбаққа толы көрініс. Оны тәпсірлеп, пікір-жібінің ұшын тарқатсаң, ұшы-қиыры жоқ... Терең. Және де сол тереңдікті әр көрермен өзінше түсініп, өзінше қабылдайды. Эрмитаждағы живопись шығармаларынан алған әдемі эсерін қағаз бетіне түсіре қоймақшы болған А.И.Герцен қанша еңбектенсе де жазуына көңілі толмапты. Ақырында орнынан атып тұрып: «Жо-жок. Суретті сөзбен айтып жеткізу қиын екен. Оны тек... көзбен ғана көріп түсіну керек шығар, сірә», – депті. Ал бейнелеу өнерін жаңа сатыға көтерген француздық әйгілі суретші Анри Матисс туралы құнды еңбек жазған каламгер Луи Арагон қылқалам шеберінің құпиясын әдеби тілмен аша алмай: «Анри Матисстің картиналарын тек көзбен көріп, жүрекпен сезіне тамашалау керек» деген екен. Иә, өмір оркестріндегі мың бояуды құбылтып, құлпырта білетін бейнелеу өнерінің дарынды өкілі Қайрекеннің қолынан келер қасиетке де тек осындай қағидамен ғана қарай аласың...

Мұндай хас шеберлік Сыр елінің дарынды ұлына қалай дарыған?! Осы турасында Қайрекеннің өзінен сұрап, сыр тарттық.

– «Талант – Тәңірден, талап – өзіңнен» деген. Суретшілік өнер – Жаратқанның берген сыйы. Екіншіден, Сыр топырағы мен табиғаты шабытымды оятты. Құм басқан дала қиялыңа қанат бітіреді екен. Ал қазақтың киіз үйі іші-тысы сан түрлі бояу. Бұл бояуды симфония десек те аздық етеді. Мен сол бояумен өскен қазақпын. Үшіншіден, атаның қаны, ананың сүтінен дарыған дер едім. Әкемнің айтуынша, Аралқұмда дүниеге келіппін. Кейін Шалқарға көшіп, теміржолдың бойында тұрдық. Әкем Қонысбай мен анам Запура ауыр науқастанған Әбүтәліп, Әбдіхалық, Әбдімәжит деген үш бірдей ұлынан үш күнде айырылған жандар. Қайғырды, күйзелді. Бірақ солардан кейін 1945 жылдың 25 ақпанында мен дүниеге келгенмін. Шама-шарқымның жеткенінше биікке самғап, жетістікке жетуімнің сыры

– мені желеп-жебеп жүрген періште күйде жан тапсырған ағаларымның аманаты шығар деп ойлаймын. Әкемнің қолының місеркі бар, ол он саусағынан өнер тамған ұста. Оның үстіне, әкем теміржолшы еді. Бала кезден пойыздың сартылы, паровоздың арқыраған дауысын естіп өстім. Сол маған шабыт беретін. Ес білгеннен пойыздардың суретін сала бастадым. Салған суреттерімді әкем көріп: «Оу, менің балам суретші болады екен»

ҚЫЛҚАЛАМНАН ӨМІРДІҢ СЫРЫН ҰҚҚАН

дейтін. Өзімнің ықыласым бар, әкемнің қанат бітірер сөзі мені суретшілікке әкелген болуы керек, – деп өткенді еске алды Қайрекен.

Сыр сарыны мен Сыр дарыны

«Талант туған жеріне тартып туады» деген сөз бар қазақта. Тап басып айтылған сөз. Қайырбай Зәкіровтің туындыларының көпшілігінен Сыр елі мен жерінің болмысы сезіледі. Оны өзі де жасырмайды. Мәселен, қылқалам шебері 1970 жылдары Арал теңізінің тағдыры өзінің басын ауырттып, балтырып сыздатқанын айтты. Сөйтіп, «Теңіз туралы толғау» топтамасын жасап, көрме ұйымдастырып, Кеңес одағының, әлемнің жұртшылығының назарын туған топырағындағы экологиялық апатқа аудартады. Бұл туралы өнертанушы Елизавета Ким: «Көшпенділердің ұрпағы ретінде Қайырбайдай суретшінің табиғаттың тағдырына атүсті қарауы мүмкін емес еді. Сол себептен де туған жер табиғатының тағдыры, туған өлкесі үшін жаны ауырған суретші шығармашылығынан орын тапты», – дейді. Ал қаламгер Жанболат Аупбаев 1990 жылдары Қайрекеннің көрмесін тамашалағанда сан түрлі сезім толқынысын бастан кешіріп, сан қилы ой сілеміне берілгенін айта келе: «Арал туралы триптих» туындысына назар салғанда «Арал трагедиясын қылқаламмен бұдан артық қалай түсіндіруге болады?!» – деп тебіренеді.

Міне, көрдіңіз бе, Қ.Зәкіровтің суретшілік ізденісі кім-кімді болмасын бейжай қалдырмасы анық. Елең еткізетін ерекшелік – қылқалам шеберінің зары мен жанайқайы, қайсарлығы және суреттегі қазақы бояу мен сұлу Сырдың сарыны болса керек. Мәселен, «Дастархан», «Ұлбаланың бақыты», Ежелгі Жент қаласы туралы фрагменттер, «Көше қиылысында», И.Оразбаевтың өлеңіне жасаған иллюстрациялары, «Базар жырау», «Жұт», «Жаңғырық», «Күту» шығармалары – қазақ жеріндегі Сыр өңірінің өмірі мен ұлттық дәстүр көріністерін терең суреттеуге арналған графикалық шығармалар. Суретші туындыларында еңбек ерлері Ы.Жақаевтың, У.Алтайбаеваның көркем образдарын жасаған. Суретші Қайырбай туған жер алдындағы перзенттік парызын осылайша өтеуге талпынғандай...

Сегіз қырлы, бір сырлы

Қайырбай Зәкіров шығармашылық жолын графикадан бастайды. Оның ішінде симультандық әдісін пайдаланады. Техникалық диапозонына линогравюралар, офорт, акватинта, литография, кескіндеме жакын. Міне, график-суретші деп басталатын Қайрекеннің бір



басындағы табиғи дарыны одан әрі ақын, әнші, жыршы, термеші, архитектор деп жалғаса береді. Бұған тағы зергерлік, реставраторлық қырын қосыңыз. Сыр сүлейлері Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Дүр Оңғар, Нұртуған жыраулардың толғауларын түнді-түнге ұрып жадуалдай жатқа айтатын оның дауысы «Қазақстан» телерадио корпорациясының алтын қорында сақтаулы тұрғанын бірі білсе, бірі білмейді. «Шалқасынан туған ай» өлеңдер жинағы да қазақ поэзиясындағы бір жаңалық болды. Айтпақшы, оның хоббиі да бар, ол – антиквариат жинау. Көне жәдігерлерді жанындай жақсы көретін Қайырбай бүгінде бір мұражайға арқау болар дүние тауыпты.

– Сазгер Илья Жаканов суретші де болған. Жасы ұлғайған шағында Алматыда Өнер академиясын оқып, суретшілікке ден қояды. Мен де хал-қадірімше өзге өнерлердің сырына қанығуға талпынып жүрмін. Әсіресе, музыка өнеріне қатты қызығам. Шеберханамда гитараның құлағын бұрап отырамын. Бала кезден осылай, – дейді Қайырбай Зәкіров.

Бұдан бөлек, ол өзінің жан-жақты қырын 1980 жылдары «Сыр бойы» газетінің тыныс-тіршілігіне етене араласқан тұста аша түскенін айтады.

– Басылымның басы-қасында жүрген ақын-жазушыларды, игі жақсыларды жатсынбай жағалап жүрдім. Өлеңге әуестігім де содан артты. Оның үстіне, газет-журнал, әсіресе кітап көркемдеу ісінде қазақтың бейнелеу әлеміне, графикасына соншалық мол үлес қосуды мұрат еттік. Ол кезде журналға кететін әрбір материалдың жолын есептеп шығарып, макет жасалатын. Журнал бір өңкей жазулармен шықпас үшін қолдан иллюстрация, фото, коллаж, шрифт, штрихтармен

көркемдеп, әрбір айқарма бетке «жан салуға» күш салушы едік. Орыс жазушыларының «Бәріміз Гогольдің «Шинелінен» шықтық» дейтіні секілді мен де «бәріміз «Сыр бойының» шинелінен шықтық» деймін, – дейді суретші.

Әдебиет, фольклор... мұның бәрі Қ.Зәкіровтің жанын жұтаң қылмады. Көзқарасын кеңітіп, ой-санасын байытты. Жыршы Б.Жүсіпов ұлттың рухани әлеміндегі Қ.Зәкіровтің шығар-

жаңаша көру, ұғу, пайымдау ракурсын енгізген суретшілердің бірегейі», – дейді ол. Міне, ол ұлы тұлғалардың шәкірті әрі лайықты ізбасары бұл Қайрекен.

Айтар ойын астарлап, тұспалдап жеткізетін Пабло Пикассо, Ренато Гуттузо сияқты санлақ суретшілер жүріп өткен бұл жолдың озық үлгісін де Салихиддиндей саңлақтардан бойына сіңірген. Бүгінде кейінгі буын үшін бір өзі үлкен мектеп. Өйткені, оның ізденімпаздығы мен еңбексүйгіштігі талай белестерді бағындырды.

1989 жылы Әзірбайжанда өткен Орта Азия және Қазақстан графика өнерінің биенналесінің дипломанты атанады. «Құсжолы» (офорт сериясы), «Көкжиек» (линогравюралар сериясы), «Айтматовты оқығанда» (литография) туындыларын жарыққа шығарды. 1992 жылы 1856 жылы отаршылдыққа қарсы көтерілісті басқарған Жанқожа бабамыздың кесенесін жасайды. 1995 жылы ҚР Президентінің стипендиаты, 2000 жылы «Қазақстан» телерадиокомпаниясының «Самғау» медалінің иегері, 2006 жылдан ҚР Көркемөнер академиясының академигі. 2008 жылдан бері Қызылордадағы «Болашақ» университетінің құрметті профессоры.

Туындылары Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында, Ресей федерациясы Мәдениет министрлігінің қорында, бұрынғы Кеңестер одағының Көркемсурет мұражайлары мен Жапония, Франция, Америка, Марокко, Иемендегі өнер мұражайларында, шетелдік дербес коллекционерлердің қорларында жинақталған.

2013 жылы «Ескишеһир – түркі әлемінің мәдени астанасы 2013» жылының аясында Түркияның Ескишеһир қаласында өткен ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының XVI Суретшілер көрмесіне түркі әлемінің 18 елінен 20-дан астам суретші қатысып, шығармалары қойылды. Көрменің талабы бойынша, тек бір ғана сурет жұлдеге ие болады. Сол олжа Қ.Зәкіровке бұйырды. Яғни оның салған «Қорқыт ата» деген суреті бас бөйгеге лайық деп танылды. Өткен жылы қараша айында «Қазан – түркі әлемінің мәдени астанасы 2014» жылының жабылуына арналған салтанатты шаралардың шеңберінде Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Қайырбай Зәкіров ТҮРКСОЙдың арнайы сыйлығымен марапатталды. Сыйлықты Татарстан Республикасының Мәдениет министрі Айрат Сигагатуллин табыс етті. Бүгінде Қ.Зәкіровтің осы туындысы әлемнің бірнеше еліндегі көрмелерге қойылып, көрерменнің ықыласына бөленіп, көзайымына айналууда. Осындай жетістігімен ол қазақ бейнелеу өнерінің алақайлаған дауысын әлемге жеткізу жолында тынбай еңбек етуде. Бүгінде жасы жетпіске жетсе де «болдым-толдымы» жоқ, ізденіс үстінде жүр. Еңбеккер жан әлі де еліме берерім мол дейді. Жуырда елордамыз Астананың төрінде «Шабыт» фестивалінің жұлдегері ұлы Аққалимен бірігіп, көрмесін өткізуді, онда тың туындыларын қоюды жоспарлауда. Оның бейнелеу кеңістігі, өзгелерге әсері, ұлтына қалдырған һәм қалдыратын рухани байлығы әлі де ұшан-теңіз...

Дәурен ОМАРОВ.

Ұлғи

1960 жылдары Қайырбай Зәкіров қазақ бейнелеу өнерінің алтын ғасыры деп атайды. 1964 жылы арман арқалаған бозбала Алматыға келіп, Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне оқуға қабылданғанда сол тұста қазақ бейнелеу өнерін әлемдік деңгейге көтеріп әкеткен С.Айтбаев, Ш.Сариев, М.Қисамидинов, Т.Тоғызбаев, Б.Табиев, Е.Мергенов, А.Садыханов сынды үркердей топтың ортасына түсу бақыты бұйырыпты. Біріне шәкірт, енді біріне іні болды. Ұстаздары шабытын шыңдап, жігерін жаныды, өрге жетеледі. Жетпісінші жылдардың ортасынан бастап республикалық, халықаралық көрмелерге қатысуына да солар ықпал етті. 1975-1976 жылдары Мәскеуде «Қоршаған орта дизайны, көркемдеп жобалау» тәжірибелік студиясында оқып жүрген кезінде Баку және Минск қалаларының ескі бөліктерін қайта жасау сияқты іргелі жобаларды жасайды. Әсіресе, Қайырбай үшін ұлтымыздың мақтанышы, сұлу Сырдың перзенті, суретші Салихиддин Айтбаевтың орны ерекше. «Салихиддин Айтбаев – бейнелеу өнерінің көгінде 60-шы жылдары даралана туған таң жұлдызындай тамаша тұлға. Жалпы өнер ұғымындағы уақытпен қасаңдалып, тоталитарлық жүйенің тіршіліктің қай саласына да бата енген тырнақтарымен шегенделіп қалған көзқарастың, осыдан туындайтын тұрлаусыз талғамның құрсауын қақ айырған, өнерді

ЖҮРЕТҮҢЕ ЖЫР ҰЯЛАҒАҢ

(Көрнекті ақын, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері
Ибрагим Исаевтың поэзиясы жайлы)

Әрбір бойында дарын қуаты бар жан адамзаттың сана-түйсігін, сезімін құнарландырушы. Кеше ғана арамызда жүрген қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, аяулы ақын Ибрагим Исаевтың өмірі мен шығармашылығы осы ойымыздың айғағындай. Бүгін Ибрагим ақын ортамызда жоқ дегенге сенгің келмейді. Ол аман болғанда үстіміздегі жылдың 7 қаңтарында 65-ке келер еді ғой... 2014 жылғы 27 желтоқсанда жыр сүйер қауым онымен жылай-жылай қоштасып, бақиға аттандырды. Желтоқсанның 20-сы күні Алматыдағы Студенттер сарайында шығармашылық кешін өткізген ақын бір апта өтер-өтпесте көз жұмды. Сонау 1970 жылдардан бастап шуақты да сыршыл лирикасымен жұртының жанын тебіrentкен ақын Ибрагим Исаев сезімнің ақ нөсеріндей құйып өткен мына өлеңінде:

*Ойларымды жеткізсем деп елге мен,
Ақын едім, жақсы өлеңге шөлдеген.
Тамишы болып тамсам деп ем осынау,
Кензесі кеуіп жатқан жерге мен.*

*Шығып еді өсемін деп құлшынып,
Бір шыбыққа сүйеніп тұр бір шыбық,
Шөлін мәңгі қандырмайды ешкімнің
Шөлі мәңгі қанбайтұғын тіршілік.*

*Шөлдеу керек, ой туады шөлдесең,
Шөлің қанса ой қашады кейде әсем.
Тамишылап бір тұрған суга қызықпа
Жақсылап бір шөлдеу керек шөлдесең.*

*Ең соңғы шөл – шөлдейді адам өлерде,
Оқырманым шөлдеп жүр-ау дегенде,
Жақсылап бір танытатын мені елге
Шөлдеп жүрген ақыныңмын өлеңге, –* дейді өмірге ынтызар көңілмен. Тағы да:

*Сұлулығы жоқтай көңілде – көлдің де бейне,
Қанатын кезі бар шығар шөлдiң де кейде,
Өзімді өзім жұбатам аңсап отырып,
Аңсаудан басқа не қалды деймін де кейде, –* дейді көңілі құлазыған ақын. Құштарлық пен сүйіп-күйе алмайтын жүрекке жыр ұшқыны түспесі хақ. Ал Ибрагим ақын бар жан-тәнімен өмірді сүйгендіктен, қадірін білгендіктен, оның әрбір сәтін бағалай алады, сөйтіп ой-толқындарымен арпалысады:

*Ой мұхиттың тұрғандай жағасында,
Ойдың небір табасың жаңасын да,
Арпалысқан ойлардың арасында,
Өшіп қалып жатасың жанасың да, –* ақын тағы да қаптаған ойдың құрсауынан шыға алмай:

*Ысырып тастап кеудемнен күйгелек мұңды,
Батырмын бүгін, жатырмын түймелеп түнді,
Кестелей алмай көңілімнің көлеңкелерін,
Үмітсіз ойлар миымда үймелеп тұрды, –* деп ақын сана, жан әлеміндегі қопарылыс, күйзелістерден қажып, тыныштық іздегендей, шаршағандай.

Ұлы Отан соғысы біткен соң, екі жылдан кейін 1947 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы «Жетікөл» ауылында дүниеге келген Ибрагим ақынның да тағдыры туған елмен бірге ысталып та тысталған. Өзінің «Ғұмыр жайлы» атты өлеңінде ол:

*Мен анамнан жалғыз болып тумағам,
Он бес құлап, он бес рет тұрды Анам,
Амал қанша сол бейкүнә он бестің
Он екісі орган шөптей құраған.
Сол он екі өшкен оттың ғұмыры
Менің түпсіз тереңімде тулаған.*

*Сол күнәсіз он екінің бірі боп
Кетіп қалмай жүргеніме тірі боп
Қуанам да... кейде қатты қысылам.
Сәл күрсініп өте шығам амалсыз
Баласы жоқ әйелдердің тұсынан.*

*Анамыздың бар парызы өтелген,
Он бес рет он бес құрсақ көтерген!
Қазір үнсіз отыратын бұл анам,
Он екі рет ағыл-тегіл жылаған!*



*Он екісі қара жерді төсенді,
Кейде отырып таң атқанша жыр жазам,
Сұм тағдырдан алу үшін есемді,
Оқырманды рахатқа бөлеген,*

Қалса деймін өлмейтін бір он өлең! – дейді. Қандай сұмдық тағдыр, бұл өлеңде халқымыздың қасіретке толы көз жасы тұнғандай! Заманның небір зұлматтары мен қасіретін басынан кешкен аналардың бейнесі көз алдына келіп, жаныңды үгітеді. Осылай осылған ақын жүрегі қалай ауырмасын, қашаңа дейін шыдасын. Балалық шакта бастан кешкен қайғы ешқашан жадыдан өшпейді ғой. Ол адам баласының, оның ішінде сезімтал жанның дүниетанымының іргетасы болып қалады:

*Туған елдің сүйіп тұрып самалын,
Енді бүгін таусылып тұр амалым.
Қалай, қайтіп тұрғызамыз, ағайын,
Көңілдерің қирап қалған қамалын?!*

Нағыз ақын өз тағдырын мифке, аңызға айналдырады, себебі, өзінің ерекшелігі талантымен өрілгеніне сенеді. «Ой өлшемі» атты мына өлеңінде Ибрагим ақын:

*Ей, жазира, мен сенен биік тұрмын,
Биік тұрмын самалын сүйіп қырдың.
Сенің төсің құлтырып кетсе екен деп,
Өлеңімді нөсер ғып құйып тұрмын.*

*Ей, ақша бұлт, биікпін сенен де мен,
Сенен әсте кезім жоқ төмендеген,
Мені сенен биікке алып шығар.
Қанатым бар талмайтын «Өлең» деген, –* осылай ол ақындықтың асқақтығын паш етеді.

Ибрагимнің жырларында жасандылық жоқ. Ол өзінің болмысын, ой деңгейін әсірелеуден, асқақтатудан аулақ. Сезімінің сергелденің де, жанының жарықшақтарын да оқырманна жайып салып, ағынан ақтарылады, сөйтіп өзінің сана-сезімдерін ұштап, жанын сергітіп алады. Оның жырлары шынайылығымен, сезімталдығымен, өзіндік ой орамдарымен ерекшеленіп, оқырманның жүрегінен орын алары хақ.

*Өлеңім, саған айтарым,
Келмейді ертең қайта күн,
Сен үшін туар жақсы күн,
Мен үшін тумас байқадым.*

*Туыс та, тірлік... бар бәрі
Адамның бітпес арманы,
Өкініп өтіп өмірден,
Өкінбей жатсам болғаны... –* деп жан ышқынысын тебірене жазған ақын Ибрагим Исаев өзінің шынайы да құнарлы поэзиясын, қазіргі қазақ композиторларының әндеріне жазылған мыңнан аса өлеңдерін, орыс, қырғыз тағы біраз халықтардың ақындарының шығармаларынан жасаған аудармаларын қазақ жұртына аманат етіп, сыйлап кетті.

Жадыра ДӘРІБАЕВА.

ФОРУМ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен тұңғыш рет 19 ақпан күні «Ислам – бейбітшілік пен келісім діні» атты І республикалық имамдар форумы өтті. Оған өңірлерден 500-ге жуық дін қызметкерлері қатысты. Форумда дін саласындағы өзекті мәселелер қозғалып, оларды еңсеру жолдары талқыланды.

ИМАНДЫЛЫҚ ЖОЛЫНА ИМАМДАР БАСТАЙДЫ

Алланың аманаты, мұсылман әлемінің тірегі – Ислам дінінің негізі – Мұхаммед Пайғамбарымыз арқылы жер бетіне жайылды. Мәуелі жапырағын жайған бәйтеректей Мұсылман әлеміне таралғаннан бергі аралықтың өзінде қасиетті Құран аяттары мен сүрелері канша миллиондаған пенденің рухани азығына, мынау фәни жалғандағы жол басшысына айналды десеніңші?!

Ғаламдану ғасырымызда ақпараттар ағыны зымырандай зулап, санадағы ізгілік ниетіңнің өзіне нарық үстемдік жасаған заманымызда ақ жолдан адасып қалғанымыз жоқ па? Өмірі мен мінез-құлқы шынайы үйлесімділікке толы, имандылық пен адамгершіліктің биік шыңына бағышталған нағыз мұсылманға лайықпыз ба? Әрбір мұсылман пендесі дін талаптарына бекем, жүрегі таза, рухы асқақ, биік тұлға болуға лазым. Дінге деген ыстық ықылас, ыждағаттылығымен бірге, шынайы сүйіспеншілігімен ерекшеленеді. Біздің зайырлы қоғамымыздың әрбір мұсылманы өз бойындағы адамгершілік сипатын үлгілі ұстануы абзал болмақ. Ең алдымен дұрыс сенімде болу. Алла мен оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырдың жақсылығы мен жамандығы Алла тарапынан екендігіне сену.

Әрбір мұсылман пендесі өз Отанын сүюге, сол Отанының заңына бағынуға және басшысын сыйлап, соған бойұсынуға міндетті. Қасиетті Құранда: «Әй, мүміндер. Аллаға бойұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар» делінген. Ислам діні барша адамзаттың түрі мен түсіне, тегі мен нәсіліне, ұлты, діні мен діліне бөліп қарамайды. Елді ынтымақ пен бірлікке, бейбітшілік пен келісімге, өзара төзімділік пен ымыраға келуге шақырады. Дінаралық татулықты сақтау басты мұрат. Алла тағала «Әнбия» сүресінің 107-аятында: «Біз сені әлемдерге рахым етіп қана жібердік» деп делінген. Шынайы мұсылман өзі өмір сүріп жатқан ортасына әрдайым пайдалы болуға тырысады. Қоғамға пайдалы болу, еңбекқорлық, ысырапқа жол бермеу, өзі көркем мінез-құлықты һәм кішіпейіл болу – пендеге Раббысы тарапынан берілетін ерекшелік. Алла тағала былай дейді: «Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы түрде жүреді...». Ал Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «Кім кішіпейілділік көрсетсе, Алла оның мәртебесін өсіреді. Ал кімде-кім көкірек қакса, Алла тағала оны мұрнымен жер сүздіреді» деген.

Пенденің бауырмалдылығы, бірі-бірімен сәлемдесуі, өзінің сыртқы келбеті мен тазалығына мән беруі, ата-анаға бойұсыну мен жақсылық жасауы, өз отбасына қамқорлықта болуы негізгі әрі басты міндет болып саналады. Пайғамбарымыз пендесінің атқарар осындай парыздарына орай: «Сәлем беру – сүннет, ал жауап қайтару – уәжіп», «Тазалық – иманның жартысы», «Алланың разылығы – әке-шешеннің разылығында, ал қаһары әке-шешеннің ашуында» деген. Әрбір мұсылман пендесінің бойынан табылуға лайық ізгілікті ұстанымдардың негізі осындайлардан қаланбақ. Ал соны әрбір пенденің санасына жеткізіп, ұстанымына ұғындыру да көптеген еңбекті қажет етеді. Рухани ізгілік үйлері – мешіттер мен медреселер бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқаруда. Осы ретте ізгілікті-рухани тағылым жолындағы Имамның тұлғалық келбеті жайында әңгімелемекпіз.

Имамдық зор жауапкершілікті талап етеді. Алла тағала Құранда: «Сендер адам баласы үшін игілікті өмір етіп, жамандықтан тиятын, сондай-ақ Аллаға сенетін үмбеттердің қайырлысы болып жіберілдіңдер» деген. Имам қоластындағыларға жауапты, әрі солар үшін сұралады. Пайғамбарымыз: «Имам басшы әрі қоластындағыларға жауапты» деген. Ал қазіргі қоғамымыздағы діни ахуал мен рухани тұтастықты сақтауда имамның атқарар жұмысы ерекше маңызды. Адам дертінің алдын ала ем қолданғанындай, рухани дерттің емшілері мен қоғам өмірін рухани үйлесімділікке келтіретіндер – имамдар.

Барша пенделері сияқты Отанын сүю, сөзге шешен болу, сырт келбетінің ұқыптылығы мен жан-жақтылық имам ерекшелігінің белгісі болуға керек. Шынында да, қоғамдағы тұрақтылық пен татулықты баянды ету жолында адамдардың жүрегін баурап, діни уағыздарды насихаттау үшін әрбір имамға шешендік өнер ауадай қажет. Әрбір сөз жүйелі, байыпты айтылса досқа пір, дұшпанға зіл, шат көңілге шабыт, қам көңілге демеу, ерлікке бастар айбынды ұран болары хақ.

Алланың қалауымен әрбір адам өзін жан-жақты дамытуға қабілетті. Ең бастысы, шынайы ықылас керек. Өзгені өзгерту үшін, ең алдымен өзімізден бастасақ. Әрбір мұсылман пендесі һәм олардың хақ жолындағы жолбасшыларындай дәрежедегі лауазым иелері – имамдар өздеріне қойылар талаптарды бойларына сіңіріп, уағыз айту дәрежесін жоғары дәрежеде орындаса, мұсылман қауымы мен ислам дінінің беделі арта түсетіндігі ақиқат.

Әуезхан ӘБДІРАШЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Өмірден ерте озған талантты журналист Серік Дінахметов тірі болғанда бүгінде 60 жасқа келер еді. Арман қуып Алматыға барып, ҚазМУ-дың журфагінде оқыған оның қаламы жүйрік болатын. “Жас Алаштан” бастап Ақтөбенің аудандық газеттерінде еңбек етті. Жасындай жарқырап, небәрі 30 жыл ғана ғұмыр кешкен Серіктің соңғы дүниелерінің бірін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Шілденің соңғы күндері сарша тамызбен ұласып, күздің алғашқы айы Аралға ұрланып кірді. Көңірсіген асфальт пен борсыған сор иісі будандасып, ауада ерекше газ түзіліп жатқандай қолқан жыбырлап, шеке тамырың бүлк-бүлік соғады. Жұмыстан шыққан заматта вакзалдағы газет-журналдар құжырасына соғатын әдетім бар-ды. Көпшілік оқырман «Жалынның» 3-санын қолдан-қолға тигізбейтін сыңайлы. Маған жетпей қалады-ау деген күдікпен тықыршып алдымдағы тығыршық сарыны бүйірге түйгіштеймін. Не нәрседен де қағажу көріп, талай рет аузым күйген басым соңғы дана қолыма тигенде сатушы қызға ықыласым ауды. Осы тұрған бойымда бар жақсылықты үйіп-төгіп соның жолына сарп қылмаққа бейімдімін. Әшейінде «құжыраны уақытты ашпайсыз, газетке түртіп жіберейін бе?» деп штаттан тыс тілшінің көгілдір куәлігімен қокан-локқы жасайтынмын. Қазіргі сәтте дүниедегі ең адал адам, пісентті қызметкер осы сатушы тәрізді болып көрінді.

«Есіміңіз кім замандас?» деген сауалыма қайырымды қарындасым соншалықты ілтипат көрсете қоймады.

— Кеш қалдыңыз, ағасы? Кеше ғана би алаңында мынау деген жігітпен танысып қойғам. Тұмсығы тасқа тиген бекіредей қайқан етіп шыға келдім. Тығыршық сары жырк-жырк күледі. Неге жетісіп ыржақтайды ол жағы беймәлім.

Біздің үйі болат жолдың арғы бетінде. Кейде көпірден өтуге ерініп, ережені бұзып төтелей тартатынмын. Бүгін өзі де кешігіңкіреп келе жатқан «жүйріктің» алдынан кесіп өтуді әбессініп сәл-пәл кідірістедім. Міне, өкпесінен дем алып тепловоз өтті. Таспигтың моншағындай тізіліп көгілдір вагондар сырғиды. Астаналық тәуір сигарет алғалы вагон-ресторанды іздегем. Тоғызыншы вагонның тұсында тұрған сымбатты қызға көзім сүрінді. Сұлу дейтін соншалықты көрікті емес. Бірақ мұңлылау жүзінде жұмсақ жылылық, әлденендей әсемдік бар сияқты.

Бойжеткенді ешкім күтіп алмады ма, жалғыздан-жалғыз бері қарай беттеді. Аузымды ашқан күйі қадалып қалыппын. Бикеш жымыппын үн қатты.

— Бәлі, соншалықты сұқтандыңыз ғой. Диананы тамашалаймын деп киікке айналған Актеонның кебін кименіз.

«Қайран Актеон!». Егер мен гректердің ескі аңызын білмесең мына қызбен көп тәжікеге бармас едім. Манағы құжырашы қызға кеткен өшімді Алматының бойжеткенінен қайтарғым келгендей тілімді безедім.

— Қапа болмаңыз, қарындасым.

Сұлулық үшін жанынан баз кешкендік заман өткен. Алдыңызда тұрған нағыз Актеон емес, анти Актеон екенін өкінішпен білдірем.

Қыз үнсіз күлді. Қосжардың жағасына біткен сирек қамыстай жұбау кірпіктер жанарын жасырды.

— Мейлі. Сіздің өтірік өрекіміей шындықты айтқаныңыз неге тұрады? Мүмкіндігіңіз болса қонақ үйге шығарып салсаңыз...

Мен келістім. Үш қабатты мейманхананың 316 бөлмесінен, люкстен орын алды. Қыз есімін айтпады, мен сұрамадым. Мен кім екенімді кәрзеңкесін қолға ұстағанда-ақ білдіргем. Өйткені, сондай сенім үшін айғақ керек қой. Бикеш астаналық журналдардың



бойын тіктеген сәтте. Байқауымша менің Диананың сұлу сымбаты осы оқыс мінезінде, күрт қимылында ма деймін.

— Әйгілі жазушыдан белгілі тоғышарлардың бірі: «Сіздің мынадай керемет шығарма жазуыңыз үшін не қажет болды?» деп сұрапты. Қаламгер мұңдана жымып: «Бар болғаны пәлен парак қағаз бен бірнеше қорап сигарет қана жұмсадым» деп жауап беріпті. Сонда тоғышар: «Бұл соншалықты үлкен шығын емес қой» деп күңк етіпті де, жөніне кетіпті. Бұрында естіген күлкілі аңызым еді. Бүгінде айтылуында үлкен мән барын ұғып, сөздің соңғы нүктесін бақтым.

— Енді мына жырға құлақ салы-

САРИША ТЛАМЫЗ

(новелла)

Бірінде жұмыс істейді екен. Бөлім меңгерушісі ме, әлде қарапайым корректор ма, бағасын тым түсірсең курьер болып шығуы. Бұл енді жұмбақ. Менде серілік жасап қазбалай қоймадым. Біз сияқты қарабайыр штаттан тыс тілші үшін журналдан келдім дегеннің өзі жеткілікті. Бейтаныс бойжеткеннің қасынан айналақтап шыға алмауымның бір себебі осы еді.

Біз ертеңіне кездесуге уәделестік. Бар көркінен айырылған теңіздің несін көрсетіп қарық қылармын деп түнімен дөңбекшіп шықтым. Қыздың уысына құдайым бір түсірмесін деңіз. Іліктің біткенің. Алақандай Аралды өне-міне аралап тынамыз ғой деген ойым бұзылды. Күн уясына ай-ай деп басын шайқап батты. Төбемізден ай сығалап аспанның тесігінен жұлдыздар жымындайды. Бар-жоғы бес-он сағатта бойжеткен мені, мен оны танып білдік. Бикеш тым ашық, әлдененің шалығы тиген адамша тым еркін сөйлейді.

Көрдінің бе, көктегі айдың сымбаты қандай жарасымды, қандай келбетті және жеке дара.

Кейде жалғыздықты біз осындай даралыққа қарап бағалайтын сияқтымыз. Көз салғанға көкте де, жерде де жарық жұлдыздар қаншама десеңізші?! Өкініштісі, олар да өзінше жалғыз... Бөкеев айтатын кеңістік те, жалғыздық та осыған саяды. Менің түюімше жазушы жүрегі кеңістіктегі жалғыздықты жырлау арқылы адамдарды бірін-бірі сүюге үндесе керек. Соны біріміз ұғып, екіншіміз терең барламаймыз.

Бойжеткен күрсініп, терең тыныстады. Сүттей аппақ айдың саулесімен бозамықтанған теңіздің сорлы жағалауына үңіліп, екеуміз де үнсіз жер шұқимыз. Кейде ұйқылы ояу күй кешіп радиотолқындары қабаттасқан ескі қабылдағыштай миым даңғырлайды. Сондайда ерніме «шіркін, сол мезеттен» гөрі, «шіркін, осындай жарым болса» деген күбір көбірек оралады. Әй, ку пендешілік-ай...

Осы қызға дәл қазір ойымдағыны түгел ақтармасам, мәңгі жалғыз қалатындай шешімим.

Жауабы көңілімді бірлесесе онда удай өкініштің азабын тартуым кәдік. Ауыздығымен арпалысқан 25-тің тақымын басатын сақа жігіт үшін ең ауыр жаза осы. Тілімді байлаған қорқыныш өнебойымды билеп алғандай іші-бауырым бір уыс мұз жұтқандай қалтырайды.

Шіркін, сол Арман, — деді бойжеткен менің ойымдағыны оқып білгендей сыбырлап.

— Орындалмаса оның несі арман, — деп және үстеді дауыстап.

Қыздың жұмсақ тынысының жылуын сезіп дағдырған қалпында қарт Аралдың суалған жанарына қадалдым. Теңізден тұз иісі аңқиды. Емшекке ерні жетпеген бесіктегі бөлеулі бөбектей үнсіз солықтайды. Байғұс бәлім, бұл да өзінше жалғыздығына мұңайтын шығар. Қасындағы қаншама ұрпағынан қайран болмаған соң жалғыздықтың не екенін Арал ұқпағанда кім, кім ұғады, тәйірі-ай...

Апыр-ау мен қайда құлаш сермеп, қайда тереңдеп барамын, осы. Тілімдегі тиекті ашқан мына құпия бойжеткен бәлім перінің қызы, әлде періштенің өзі. Отызға іліктірмей жүректі ерте салқындатқан талайғы теперіштердің сыздаған жарасын сылып тастағандай бойым жеңілдеп, ойым сан-саққа жүгіреді.

«Маяк» мәдениет үйінің шатырын мекендейтін бір топ кептер дүр етіп көтерілгендей елерген қол шапалақтау. Біреу түсініп риза, біреу түсінбегенін жанындағыдан жасырып қол соғады. Менің боркеміктеу балаңдау кезім-ді. Көзімнен ыстық жас ыршып түсті...

Қазір де көмейіме өксік тіреліп, мөлдір моншақ енді-енді үзіледі-ау деген мезетте сүйрік саусақтар құлағымды қытықтады.

— Бәлі, сіз де осындай босбелбеу ме едіңіз? Қарашы Арал қандай аянышты және неткен тақпаппар. Бұл теңіз дәуірлеп тұрғанда кеудесіне жұлдыз таққан балықшысы әлденешеу болатын. Бүгінде сол жұлдызды балықшының өзі қиянқан бақ іздеп басқа жакқа қоныс аударды деп естідім. Жасанды көлге ауық-ауық шомылып мауқын басар-ау. Бірақ табиғаттың төл туындысы кіндік қанын жуған теңіздей, шіркін-ай, табанының ізі әлі өшпеген Аралымдай болу қайда-а?!

Жалғыздықтың не екенін өне сол балықшыдан сұрайық, теңіздің соңғы шағаласынан сұрайық.

— Сіз білесіз бе? — деді бойжеткен серпіліп, қысқа шашын сілкіп,



ңызшы. Ол мұңды әуезбен өлең оқыды:

— Ах, август,
Аялдашы бір апта,
Кім бар сені күтіп тұрған
жырақта?..

Сөз маржаны жүрегіме құйылып жатыр. Кешегі «Жалыннан» өзім оқыған шумақтар екенін сезіп отырмын. Бірақ соны қыздың аузынан есту қандай ганибет. Өйт деген-ай, сол өлеңді жазған осы бикештің өзі болса етті деп дөмете тамсанамын. Бойжеткеннің ақ уыз арманы менің қиялымның қорабына нәр құйғандай шалқимын. Жыр оқу ұзаққа созылғанын тілеймін. Бірақ дүниедегі ең қымбатты кезеңдердің мүлде қысқа болатыны сияқты өлең аяқталып келеді.

— Токта енді, аялдағын аз ғана,
Мұнша ынтық болмағанбыз
жазға да.

Август айы бойжеткенге
ғашық боп,
Жүрек сөзін айта алмаған
бозбала.

Өтінемін, аялдашы, аз ғана!

Біріміз оқып, біріміз тыңдап ырғакқа елтіп әлди күйін кешеміз. Бикешімнің үні шыңыраудан талып естіледі.

Бұл жолдардың авторы менің тең құрбым екен. Төрт шумақ өлеңді жазуға қанша жігер, күш жұмсауы мүмкін сол поэзия періштесінің? Ол жауап күткендей жанарын жанарыма суарды. Мен

сияқты қарапайым құрылысшы үшін қас-қағымда жедел жауап табу тым ауыр. Өзілмен жаба сіркелемесе менің бейтаныс Дианам бұл шабандығымды тым таяздыққа балауы ғажап емес. Өзін ойлылар санатына қосатын сақа жігітке бұл тамұқ отынан да қиын жаза:

— Бәлімді ол құрбыңыз, — дедім мен көп ойланбастан күлімсіреп:

— Төрт шумақты жазуға сегіз парак қағаз бен автоқаламның бір өзегін және жарты қадақ мәмпәсі шығындаған болар?.. Бойжеткен біз кездескеннен бері тұңғыш рет таза дауыспен сыңғырлай күлді. (Тәңірімнің бұл сыйына мың мәрте рахмет!) ілтипат үшін құшақтасам оның шуақты күлкісін үркітіп аларымды аңғарып іштей іркілдім.

— Сіз қусыз... Сұмдық қусыз, Сержан, — деді бойжеткен иығыма басын сүйей сылқылдап. Әжем Алаукеш құлағымға үш қайтара сыбырлаған есімімді қыз аузынан тұңғыш рет естідім. Және ол бірінші рет иығыма салмақ салды. Ғажап. Бәрі кітаптағыдай. Дүниеде бұндай сәттер болуы мүмкін емес деп жазушы ағаларымды бекер құстаналайды екенмін. Кешірім, кешірім өтінемін әзиз ағалар!

— Ақын қыздың бұл жырды жазу үшін бәлімді бір сағат, әлде бір күн, мүмкін бүкіл бір апта толғанғанын, бірақ ең қымбат уақытын қиғанын сіз білесіз ғой. Ол осы өлеңді жазған сәтінде сүйген жігіті ынтыға күтті ме екен: сол сәттен соң олар мүлде кездеспей кеткен шығар? Өзгелердің ойындағысын тап басу және соны жыр жолына сыйғыза білу нағыз ақындық. Кейде шөпте өлең, шөңге де өлең деп мұрнынан мыңғырлаған ақынсымақтардың жасық жырлары да, жаңағыдай асыл жырлар да біртүсті қағазға басылып шығатынына қыңжыласың. Бірақ ондай теңгермеушіліктен қас өнер құнсызданбайды. Сәтті шумақтарды қаламына іліктіре алмай іші күйгендер тұз жаласын!..

... Бейтаныс бойжеткен екеуміз көп сырластық. Түн түндігі сырыла қоштасар сәттің жеткенін ұқтым.

— Мен жаралы жанмын Сержан, — деді ол жанары суланып, — дертіме теңізден шипа іздеп келіп едім. Оның тағдыры менің бүгінгі кәлімнен де ауыр екен. Дертіме дерт қосып қайттым-ау деп қапаланбаймын.

Өзіңіздей жүрегі жылы ұрпақтары барда ол жетімсірей қоймас. Мен сіздерге сенемін. Теңіз айдыны толғанда тағы оралармын, бұл жакқа. Жаксы күнмен жылдам жүздескіңіз келсе, бойкүйездіктен аулақ қашыңыз.

...Біз қоштастық. Неткен керағар дүние. Сегізінші пойыз да уақытынан бір минут ерте келді. Қыз қолын ұсынды. Мен оның алақандарын қыстым. Жып-жылы, жұп-жұмсақ алақандар. Теңіздің ашқылтым иісі сіңген сүйрік саусақтар Астанадағы сұңқар жігіттердің уысына түседі-ау деген қызғаныш та жоқ емес. Бұл күндері қаланың тұсынан дүрсілдеп өтер жүйріктер де тұяқ суытып үлгермей шырыпының іші жанып-сөнгенше шаңын бір-ақ көрсетеді.

Вокзалдағы жүргіншілер лезде ап-сап болған. Бейтаныс бойжеткенге бағыштап үлгірмеген дүниедегі ең қымбатты сөздерім кеудемде бүлкынады. Ол қыз үшін түнгі вахтадан қалғанымды сәдеттеп кәйтейін. Сүйкімді Диана! Содан бері жетінші пойыздан мен күткен қыз түспей жүр...

Серік ДІНАХМЕТОВ.

МӘҢГІЛІК ЕЛ

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК

Елбасымыз тәуелсіз Қазақстанның егемендігін қалыптастырушы, жаңа сипаттағы мемлекетті құрушы тұлға. Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Қазақстанды әлемге танытты, Семей ядролық сынақ полигонын тоқтатты, Алаш жұртының астанасын Арқа төсіне әкеліп, ұлттық тұтастығымызды нығайтты.

Жас мемлекеттің саяси құрылымын қалыптастыру, оны жаһанға таныту, халық санасына тәуелсіздік идеяларын сіңіруде Нұрсұлтан Назарбаев тарихымызбен мәңгілік жасайтын іргелі шаруалар атқарып, халықтың әл-ауқатының өсуіне, дербес мемлекет, жеке ұлт ретінде қазақ баласының абыройлы болуына шексіз үлес қосты.

Өткенге бір сәт көз жүгіртсек, еліміздің ішкі саясаты мен сыртқы саясатының ұйытқысы да, бастамашысы да Елбасы екені және мемлекет абыройының мемлекет ішіндегі және халықаралық аренадағы биік орны да, сол саясатты сөз жүзінде емес, нақты іс жүзінде қажымас қуатпен іске асырып, ел тізгінін түзу ұстап отырған Көшбасшыға тікелей байланысты екені айқын сезіледі. Демек, қасиетті көк байрақтың астына топтасып, түтініміздің түзу шығып жатуының сыры да еліміз бен Елбасының бір ұғымдай болып кетуінде жатыр. Ұлт көшбасшысы халқымыздың талайына жазылған ащысы мен тұщысын бірге тартып, ыстығына бірге күйіп, суығына да бірге тоңып келеді. Осы ырыстан ынтымағы озған ел бірлігін көздің қарашығындай сақтау, бағдаршамдай қастерлеу – бәріміздің ортақ борышымыз.

Елбасы бастамасымен қабылданған Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы үлкен саяси міндет қойылған болатын. Онда бұл міндеттің орындалуы мемлекеттік егемендікті сақтаудың, аумақтық тұтастықты және шекараның мызғамастығын қамтамасыз етудің кепілі ретінде атап көрсетілген. Міне, сондықтанда егемен еліміздің қол жеткізген ұлан-ғайыр табыстарының бірі ел аумағының тұтастығын бекіткен әрі оны мызғымастай етіп шегендеген шекарасы болып табылады. Бүгінгі таңда бұл – бүкіл әлемге танылған, танылып қана қоймай, қалтқысыз мойындалған фактор. Сонымен қатар, бұл – ұлтымыздың тарихында бұрын сонды болмаған, мемлекетімізді айшықтайтын құндылық. Бірақ бұл құндылыққа қол жеткізу жолы оңай болған жоқ. Бұған тарих куә.

Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің мемлекет Елбасының биік беделінің арқасында ел ішінде де, халықаралық аренада да толағай табыстар мен абыройға қол жеткізді. Түптеп келгенде, олардың барлығы да Елбасы ұсынған батыл бастамалар мен идеялардың іске асқан нәтижелері. Халқын ұйытып, өзгелерді де аузына қаратқан, күрмеуі қиын мәселелерді дуалы ауыз, уәлі сөз құдіретімен шешкен, бабалардан бері ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жеткен терең рухани байлық көсем сөз бен шешен сөз өнері кімнің де болса мысын басатын ақыл-парасат Елбасының бойына терең дарыған. Содан болар Елбасының қай бастамасы болмасын тек өз халқының ғана емес мүддесі мен үдесіне шығып қоймай, бүкіл адамзат мүддесімен астарласып жатыр. Сондықтан да әлемдік қоғамдастық тарапынан үнемі оң бағаланады.

Еліміздің келешегі жарқын болатынына да сенім мол.

Ш.КОСУМОВА,

И.СӘДУАҚСОВА,

И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық техникалық колледж оқытушылары.

Әскери борышын өтеу әрбір азаматтың конституциялық

міндеті және Отан алдындағы

басты парызы саналады. Өкінішке

орай, кейбір жастар әскерге

баруға немқұрайлы қарап,

дәлелсіз себептермен одан бас

тартып жататыны жасырын емес.

ӘСКЕРИ МІНДЕТІҢДІ ӨТЕУ - БАСТЫ БОРЫШЫҢ

Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда бұл жай алдыңғы жылдармен салыстырғанда оншалықты өткір мәселе саналмайды. Былтыр облыстық газет беттерінде әскери қызметін өтеуден дәлелсіз бас тартқан жастардың аты-жөндері жарияланды. Сол ішараның оң әсері тиді деп айтуға толық негіз бар. 2014 жылы олардың жалпы саны 25 адам болды. Ол бұрынғы жылдардан едәуір кемігені байқалады.

Осы орайда ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайраддин Баймаханов:

– Халықта «Жігіт болсаң – от бол,

от болмасаң – жоқ бол» деген сөз бар. Әрбір азамат өзінің атына кір келтірмей, соған лайықты болуы тиіс. Өзінің Отанын, отбасын қорғаудан бас тартқан адамды қоғамға жат деп айтуға негіз бар. Сондықтан жастарды осы тұрғыда дұрыс ойланып, ондай жөңсіз әдеттерге бой алдырмауға шақырамын, – дейді.

Қызылорда облысы бойынша мерзімді әскери қызметтен бас тартқан әскерге шақырылушылар жөнінде мәлімет

P/c	АҚЖБ (Б)	Саны
1	Арал	4
2	Қазалы	-
3	Байқоңыр	3
4	Қармақшы	-
5	Жалағаш	3
6	Сырдария	1
7	Қызылорда	10
8	Шиелі	3
9	Жанақорған	1
	Барлығы	25

Әскери борышын өтеуден бас тартқан азаматтар тізімі

№	Аты-жөні, тегі	Туылған жылы	Мекен-жайы
Арал			
1	Кәрібозов Нұрсұлтан Білімжанович	1995	Арал ауданы Жаксыкылыш кенті Алтынсарин көшесі 24 үй
2	Мақшатов Сұлтан Мақшатұлы	1993	Арал қаласы Құлтасов көшесі 3 үй
3	Дастанов Сабитхан Ғабитович	1991	Арал ауданы Сапақ а/о
4	Жанұзақов Нұрлыбек Ойболатович	1995	Арал қаласы Микоян көшесі 27 үй
Байқоңыр			
1	Есимов Жани Дастанович	1994	Төретам кенті Алтынсарин көшесі 60 үй
2	Дабыл Нұрлан Абдразақұлы	1994	Байқоңыр қаласы Янгель көшесі 15 үй 49 пәтер
3	Қасымов Нұрбол Сайлаубекұлы	1995	Байқоңыр қаласы Шубникова көшесі 1/57
Жалағаш			
1	Сактағанов Серікбол Тынышбекұлы	1995	Мырзабай ауылы
2	Жарылқапов Мейрамбек Болатұлы	1995	Таң ауылы
3	Данияр Мейіржан Ақбаұлы	1993	Еңбек ауылы
Сырдария			
1	Әбсаттаров Батырбек Исламбекұлы	1993	Сырдария ауданы Шаған а/о
Қызылорда			
1	Бекентай Айбол Жұматайұлы	1994	Пер. Советская 28
2	Жакешбай Қайсар Қайратұлы	1995	Крупская 23 а
3	Жаксылыков Қайсар Қайратұлы	1993	Ш.Айманов 22
4	Қанатұлы Ислам	1995	Саяхат м/а 4 қвт 59 үй
5	Қобжан Дәулетхан Қуанышбайұлы	1994	Шұғыла м/а 50/50
6	Нұрлыбеков Нұрсұлтан Нұрлыбекұлы	1993	Жахаева 220
7	Серікбаев Әли-Айдар Нұртұғанұлы	1994	Абай 30/18
8	Тұяқбаев Рысбек Мерекеұлы	1995	Акмешіт 24/39
9	Шаймерден Мадияр Ертайұлы	1995	Титов қыстағы 4/29
10	Шерманов Жасұлан Айтуғанұлы	1994	Караөзек
Шиелі			
1	Сейтабыз Айдос Ғабидиұлы	1995	Гигант а/о
2	Самидинов Айдос Ғабидиұлы	1993	Қарғалы а/о
3	Смилов Нұрлан Болатбекұлы	1992	Тартоғай а/о
Жанақорған			
1	Қансейтов Әділет Нұралыұлы	1995	Жанақорған ауданы, Қыраш ауылы

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобалары бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстарын өткізу, жобалар бойынша есепті тексеру және қабылдау. Азаматтардың құқықтық мәдени деңгейін арттыру бойынша шаралар ұйымдастыру. Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы хатшылығымен бірлескен іс-шаралар өткізу. Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды, «дәлгелек үстел» отырыстарын, кездесулерін және өзге де қоғамдық-саяси маңызды іс-шараларды ұйымдастыру, құжаттарын әзірлеу. Облыстағы кәсіподақтармен жұмыстарды үйлестіру, қызметтеріне мониторинг жүргізу. Этномәдени бірлестіктер және олардың жетекшілері, үкіметтік емес ұйымдар және олардың жетекшілері туралы мәліметтер базасын қалыптастыру және ай сайын жаңарту. Облыс әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес қызметін ұйымдастыру. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс мониторингісінің жүргізілуі қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушілердің реестрін қалыптастыру. Этномәдени бірлестіктердің ұлттық мәрескелерін ұйымдастыруға ықпал жасау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Гуманитарлық ғылымдар немесе білім немесе құқық (құқықтану) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес мамандықтары бойынша жоғары білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім беру немесе құқық (құқықтану) немесе қызмет көрсету, экономика және басқару білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулық туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы колданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсынуу талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсынуу конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол

тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттардың электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әнгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әнгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та «Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі: 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, № 314 бөлмеде қабылданады.

Әнгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурсу комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әнгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әнгімелесу «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі: 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, әнгімелесу шақырған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілеттіорганның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әнгімелесу басталуына І жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Костанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-4 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), логикалықтест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының конкурстық комиссиясы.

ТАНЫМ

СӘРКЕ БАТЫР

Қазақ халқының тарихында елі үшін қасық қанын аямай, жұртына қорған болған, тәуелсіздік жолында бүкіл ғұмыры жаумен күресіп өткен батырлар аз болмаған. Солардың қатарында Сыр өңірінің белгілі батыры Сәрке Өміркұлұлы бар. Ол шамамен 1680-1724 жылдары өмір сүрді. Кіші жүздің табын руынан шыққан Сәрке 16 жасында-ақ Ырғыз өңірінде қалмақтарға қарсы атойлап шығып, қалмақтың қас батырын найзасына жаншиды. Осыдан бастап оның батыр атағы шарықтап, есімі Сыр табындарының ұранына айналады. Алып та, шалып та жығатын Сәрке батыр асқан палуан да болған екен. Ол “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” қырғынын басынан өткеріп, Бұланты соғысында қол бастап, қалмақтарға соққы беріп, адам таңғаларлық ерлік көрсеткен. Сол тарихтан бір үзік келтіре кетсек.

Қарақұмның теріскей шығысындағы екі-үш көштік Білеуті, Бұланты өзендерінің жағасында Қарасыр (Қара сері) деген жерде үлкен соғыс болды. Әбілхайыр, Бөкенбай, Саурық (Саңырық), Тайлақ батырлар бастаған қазақ қолы қалмақтарды күйрете жеңді. Бұл «Ақтабан-шұбырындыдан» кейінгі алғашқы жеңіс еді. Тарихта аты қалған әлемдегі ірі майдандармен дәрежелес Бұланты соғысына Сәрке батыр жанқияр ерлігімен көзге түсті.

Бұланты өзенінің бойындағы алып төбе екі жүз жетпіс жылдан бері Сәркенің төбесі аталып келеді. «Қалмаққырған» атанған сол соғыста Сәрке батырды ши тасалап, бұқпантайлап келген қалмақтың жансызы атады. «Батыр бір оқтық» деген сол. Қапыда тиген оқ батырдың

өмірін қапияда қияды. Соғыс қызып жатқан кез болғандықтан, Сәркені сол төбеге аманаттап қойып, келесі жылы былғарыға орап тігіп, Қорқыт ата қорымына әкеліп жерлейді.

Сәрке Шақшақ Жәнібек, Есет батырлармен үзеңгілес, елі үшін ереуіл атқа ер салған батыр болатын. Ол жөнінде жазба деректерде өте сирек, зерттеу, іздетіру жағы кемшін болып жатыр. Алайда, Сәркеге деген ескерткіш халық жанында сақталған.

Сәрке батырдың Бұлантыда қаза тапқан жылы 1726 жыл деп айтуға негіз бар. Бұланты - Білеуті соғысы бір күнде аяқталмаса керек. Сол соғыстан соң Білеуті өзені Қалмаққырған атанды. Сәрке қайтыс болған жер «Сәркенің төбесі», «Сәркенің ақшиі» аталып кеткен екен.

Сәрке Өміркұлұлының ұрпақтары да елге белгілі батырлар еді. Мысалы, туған жиені халық ішінде «Жетінші Барақ-Ер Барақ» атанған атақты батыр Асау Барақ. Қарындасы Қарқарадан туған Асау Барақ өз заманында айтулы батырлардың бірі болды. Ал Сәркенің тікелей ұрпағы Байқадамның әрі батыр, әрі би болғандығы тарихтан белгілі. Тегіне тартып туған немересі Байқадам Ақайдарұлы қожандықтарға қарсы күресте, елін, жерін қорғаған. 1829 жылы «Күміс қорғандағы» шайқасқа қатысып, ойсырата тойтарыс берген. Сондай-ақ, тұңғыш рет Сырдария өзені үстіне Хиуа мен Қоқанға апаратын көпір салдырған.

Ләйлә БАЙМҰРАТОВА,
№212 мектеп гимназиясының
тарих пәні мұғалімі.

ЖҮРЕКТЕРГЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН “МАСЛЕНИЦА”

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ежелгі славян халқының ұлттық мерекесі «Масленица» аталып өтті. Қысты шығарып салып, көктемді қарсы алуға арналған шараға Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектеп пен мектеп жанындағы «Шаңырақ» клубының шәкірттері, сондай-ақ, Б.Шалғынбаев атындағы №217 орта мектеп оқушылары және «Славяне» қоғамдық-мәдени бірлестігінің өкілдері қатысты. Шараны облыстық кітапхана директоры Нұржамал Мырзамұратова ашып, жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтады.

Тазалық пен шаттыққа негізделген мейрам бір күн емес, апта бойы тойланады. Әр күні тойлаудың өзіндік ерекшелігі бар. Маселен, дүйсенбі – кездесу күні, сейсенбіде түрлі ойынмен өтеді, сәрсенбі тәтті тамақ пісірілсе, бейсенбі серуенге айналады. Ал жұма қайыныненің үйіне қонақта болса, сенбі қайнапа шаңырағында отырыс. Аптаның соңғы күні жексенбі кешірім сұрау күні. Яғни, бір-біріне ренжігендер өкпе-наздарын кешіріп, татуласады. Бұл күні міндетті түрде құймақтың түр-түрі пісіріледі. Себебі, құймақ мерекенің негізгі символы. Басты мағынасы күннің жарқырауын білдірсе керек.

Қазақтың Наурыз мерекесіне ұқсайтын «Масленицада» шараға қатысушылар орыстың халық әні мен биін орындап, көпшілікке жақсы көңіл-күй сыйлады. Шара соңында жиынға қатысқандар түрлі ұлттар мен ұлыстардың тарихынан сыр шертетін деректер мен туындылардан тұратын көрмені тамашалады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ШЫҒЫСТЫҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ

«СОЛЬНАЛЬ» МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАДЫ

«Сольналь» кәріс халқы үшін маңызды мереке болып саналады. Бұл күні жастар отбасы мүшелері мен үлкен кісілерге арнайы сыйластығын, құрметін білдіру негізінде «себ» рәсімін, яғни бас ию салтын жасауы керек. Ал үлкендер өз кезегінде жастарға ақ батасын береді. Болашағына үлкен үмітпен қарайды. Сонымен қатар аталмыш күні ата-бабаларын еске алып, құрбандық шалып, зиярат ету дәстүрге айналған. «Сольналь» мерекесін адамдар жақсы көңіл-күйде қарсы алып, жыл бойына игі істердің көп болуына себепші болады. Осылайша мерекені кең көлемде атап өтеді.

Осы орайда облыстағы «Кәрістер ассоциациясының Қызылорда филиалы» қоғамдық бірлестігі мерекеге қатысқысы келетін барлық жандарға мүмкіндік жасады. Қаладағы «Жасмин» кафеінде қонақтарға арнап кәріс ұлтының ұлттық тағамдарынан дастархан жайылды.

Қоғамдық бірлестіктің жетекшісі Елена Кимнің айтуынша, бұл мереке жоғары деңгейде

атап өтеледі. Себебі, ол басты мейрамдардың бірі. Онда арнайы жасалатын өзіндік салт-дәстүрлері бар.

Биылғы жылды Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялады. Елімізде өзге ұлт өкілдерінің бірлік пен ынтымақтастықта тіршілік етуіне барлық жағдай жасалған. Сондықтан өңірімізде өмір сүріп жатқан сан ұлттың өкілдері бейбіт те татутәтті өмір сүріп келеді. Олардың мәдениетін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын жандандыруға да мол мүмкіндік қарастырылған, – дейді.

Мерекеде қоғамдық бірлестіктің жас өнерпаздары ән-жырдап шашу шашып, би биледі. Барабанда ойнады. Олардың қызыл-жасыл және түрлі түстермен көмкерілген ұлттық киімдері көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Сондай-ақ, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген қоғам мүшелерін облыстық ассамблея хатшылығы арнайы Алғыс хаттарымен марапаттады.

САРА АДАЙБАЕВА.



ҚҰТТЫҚТАУ

Арал ауданы, Қарақұм елді мекенінің тұрғыны ардақты анамыз Нұрышова Майра Нұрышқызын 56 жасқа толған туылған күнімен құттықтаймыз.

Анамыз ширек ғасыр бойы ауылымыздағы №59 орта мектепте абыройлы қызмет атқарып келеді. Бала біткеннің екінші анасындай болған анамыз тек қана ұлағатты ұстаз ғана емес, аяулы ана, бір Отанның түтінін түзу түтеткен асыл жан екендігі бәрімізге мақтаныш. Ардақтымызды келіп жеткен туылған күнімен құттықтай отырып, екі дүниенің бақытын тілейміз. Балалары – біздердің рахатымызды, бақытымызды, шаттығымызды әкемізбен тең отырып көрсе екен деген ақ тілегімізді білдіргіміз келеді.

*Анашым – аналардың анасысың,
Тәңірім өзі берген баласы үшін.
Періште жер бетінде Ана дейді,
Шаңырақтың шаттығы, панасысың.
Анашым – асыл тұлғам ардақтаған,
Тек сендік жылу ғана қымбат маған.
Мұңайып, құлазысам қабағымнан,
Дәл сендей болып ешкім сыр бақпаған.*

Ізгі тілекпен, қыздары Жұлдыз, Құндыз, Жансая, Әселхан, ұлы Сырбай, жолдасы Шынболат, күйеу балалары, немерелері.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандары электр энергиясын тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің №05-21/425 хабарламасына сәйкес 1 ақпан 2015 жылдан бастап «Шиелі Жарығы» ЖШС бойынша электр энергиясының орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша құн салығынсыз – 14,95 теңге, қосымша құн салығымен – 16,74 теңге мөлшерінде белгіленді.

Сонымен қатар төмендегіше сараланған тарифтер енгізілді:

1. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай:

1.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

- орташа босату тарифі – 16,74 теңге (қосымша құн салығымен);

* 1-денгей – 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ. дейін) – 16 теңге 53 тиын (қосымша құн салығымен);

* 2-денгей – 1 адамға 1 айға (71-150 кВт*сағ. аралығы) – 20 теңге 09 тиын (қосымша құн салығымен);

* 3-денгей – 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ. жоғары) – 25 теңге 12 тиын (қосымша құн салығымен).

1.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

- орташа босату тарифі – 16,74 теңге (қосымша құн салығымен);

* 1-денгей – 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ. дейін) – 16 теңге 53 тиын (қосымша құн салығымен);

* 2-денгей – 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы) – 20 теңге 09 тиын (қосымша құн салығымен);

* 3-денгей – 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ. жоғары) – 25 теңге 12 тиын (қосымша құн салығымен).

1.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

- орташа босату тарифі – 16,74 теңге (қосымша құн салығымен);

* 1-денгей – 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ. дейін) – 16 теңге 53 тиын (қосымша құн салығымен);

* 2-денгей – 1 адамға 1 айға (100-150 кВт*сағ. аралығы) – 20 теңге 09 тиын (қосымша құн салығымен);

* 3-денгей – 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ. жоғары) – 25 теңге 12 тиын (қосымша құн салығымен).

2. Тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер:

* жеке тұлғалар (тұрмыстық тұтынушылар) үшін (қосымша құн салығымен) –

- күндізгі аймақ (сағ. 07.00-23.00 аралығы) тарифі – 22 теңге 11 тиын;

- түнгі аймақ (сағ. 23.00-07.00 аралығы) тарифі – 5 теңге 36 тиын.

* заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін –

- күндізгі аймақ (сағ. 07.00-19.00 аралығы) тарифі – 16 теңге 74 тиын;

- кешкі аймақ (сағ. 19.00- 23.00 аралығы) тарифі – 37 теңге 31 тиын;

- түнгі аймақ (сағ. 23.00-07.00 аралығы) тарифі – 5 теңге 36 тиын.

«Шиелі Жарығы» ЖШС.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертификатталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ”-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24726

Тапсырыс № 178

Электрондық оқылым – 28 000